БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 176 (9753) 1955 жылғы 4 сентябрь Жексенбі

Шығуына 36 жыл. жеке саны 20 тиын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

ЕГІН ЖЫЙНАУДА КОМБАЙНДАР НЕҒҰРЛЫМ ӨНІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛСЫН!: **Г. Тимченко.** —Берік серт. **Т. Есенов.**—Зор ұйымшылдық. **Б. Жақыпов.** — Қарқын баяу, сапа нашар (1-бет).

ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ (1-бет).

Қ. Шұңғұлшин. —Ұйымдастыру жұмысының дәрежесі жоғары болсын (2-бет).

Б. Мырзалин. —Кино көрсету еңбекшілердің тілегіне сай болуы керек (2-бет).

Т. Құлатаев.—Село тұтынушыларының тілегін мінсіз өтейік (2-бет).

Колхоздарды агрономиялық және зоотехникалық қамту жақсартылсын (2-бет).

ӘДЕБИЕТ БЕТІ: **Т. Кәкімов.**—Екі бұйрық. **Ғ. Малдыбаев.** —Екі өлең. **Ә. Мұсаханов.** —Ешкімнің атын атамай... (3-бет).

Ерінбей еңбектену, талмай іздену керек. (3-бет).

ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ (4-бет).

Д. Тоқпанов. —Социалистік меншіктің талан-таражға салынуына, ұрлануына жол берілмесін (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

Егін жыйнау мен астық дайындау науқанына басшылық күшейтілсін

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің июль Пленумы колхозшылар мен колхозшы әйелдерді, комбайншылар мен тракторшыларды, МТС, совхоз жұмысшылары мен мамандарын, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерін социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру жөнінде партия алға қойған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға шақырды. Бүкіл еліміздегі сияқты Пленумның бұл шақыруы біздің облысымызда да қызу қолдау тапты.

Пленумның қаулысын талқылауға арнаған жыйналыстарда колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшылары елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшылығын жасау күресіне өздерінің бағалы үлестерін ... үшін көтеріңкі міндеттемелер алды. ... олар партиямыздың XX съезі құрме... і социалистік жарысқа қосыла оты... қабылдаған міндеттемелерін абройман ... дауда.

...уыл шаруашылығында егін шаруашы...ғы күрделі және маңызды орын алады. ...ондықтан да егінді ысырапқа ұшыратпай қысқа мерзімде жыйнап алудың, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын және артығымен орындап шығудың зор маңызы бар. Сонымен бірге МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу тапсырмасын толық өтеу, әрбір колхоз бен совхозға қажетті тұқым қорын жеткілікті мөлшерде құйып алу, колхозшылардың еңбеккүндеріне мол астық беруге, МТС, совхоз жұмысшылары мен қызметшілерінің табысын молайтуға жетісу де маңызды міндет.

Егін жыйнау мен астық дайындаудың маңызына осы тұрғыдан қараған ауыл шаруашылығының озаттары еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Мәселен, Суворов атындағы МТС-тің комбайншысы Васильев жолдас «Новый путь» колхозында тіркеудегі екі «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 45—50 гектар егін жыйнап жүр. Петропавл авторотасының шо...

...теттері мен Совет аткомдері, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың басшылары тарапынан болып отырған басшылықтың нашарлығында. Турасын айту керек, Совет, Мамлют аудандарының кейбір басшыларында көктемгі егісті табысты өткізгеніне масаттанушылық, сөйтіп аз табысқа тоқмейілсушілік сияқты зиянды әдет бар. Оларда осындай зиянды әдеттің шырмауында жүріп, қазір егін жыйнау мен астық дайындауда болып отырған кемшіліктерді байқамай қалу әдеті де жоқ емес.

Бұл аудандардың МТС-тері мен совхоздарында комбайн паркі нашар пайдаланылады. Күн сайын дерлік техникалық жарамсыздықтан ондаған комбайн егін даласында бос тұрады. Ол ол-ма, тіпті жұмыс істеп жүрген комбайндардың бункеріндегі астықты қотарып алуға да транспорт күші жеткілікті бөлінбеген. Мұның өзі комбайндардың транспорттың қайта келуін күтіп, көп уақытты босқа өткізуіне себеп болып отыр. Қырмандарда еңбек нашар ұйымдастырылған. Астық тазартатын машиналармен екі сменада жұмыс істелмейді. Ауа райы қолайсыз бола тұрса да, жабық қырмандар әлі аз, астық кептіргіштер жеткіліксіз.

Міне осы жағдайлар Сверкунов, Живуина, Хитрин, Жадан жолдастарға мәлім. Не пайда, олар колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда жиі болғанмен осындай кемшіліктердің орын тебу сырын зерттеп ашпайды, оны жоюдың шараларын кезінде белгілемейді, жұмыстың тағдырын шешетін колхозшылармен, механизаторлармен кеңесуге жете назар аудармайды, тек қана колхоз председательдерімен, МТС, совхоз директорларымен кеңеседі. Сөйтіп басшылықтың барлық түйінін оларға жалаң бұйрық, тапсырмалар берумен шектейді.

Колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылық етудегі осындай жарамсыз стил басқа аудандарда да жоқ деуге болмайды. Приешім, Преснов, Булаев аудан...

Егін жыйнауда комбайндар неғұрлым өнімді пайдаланылсын!

☆

Берік серт

Партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа қосыла отырып, бір «Сталинец—6» комбайнымен 600 гектар егін жыйнауға міндеттеме алдым. Кейбір комбайншылар бұл міндеттеме көтеріңкі, оны орындау мүмкін емес дегенді де айтқан еді. Бұл пікірдің қате екінін қазіргі істің жайы нақтылы көрсетіп отыр.

Агрегат мүшелері еңбек өнімділігін арттыру, жұмыс уақытын тиімді пайдалану, комбайнға және комбайнды сүйрейтін тракторға техникалық күтімді кезінде сапалы жүргізіп отыру арқылы бұл уақытқа дейін 400 гектарға жуық егін жыйнады. Агрегаттың тәуліктік орташа еңбек өнімділігі 24—26 гектар.

Өткен жылдарға қарағанда быйылғы егін жыйнаудың қыйыншылықтары мол. Егіннің аласа өсуі комбайнның және агрегат мүшелерінің жұмысын қыйындатты. Бірақ мен 20 жыл бойынғы тәжрибемді қолдана отырып, мұндай егінді ысырапсыз жыйнауға жетістім. Ол үшін хедердің мотовилосына брезент шегелеп және мотовилоның айналу жылдамдығын тездеттім. Мұның өзі масақтың аңызда қалмауына бірден-бір қолайлы жағдай жасады.

Еңбектің өнімді болуы үшін алдымен агрегатта еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын ойластырдық. Әрбір агрегат мүшесі өзі атқаратын жұмысына жауапты қарап, комбайнды неғұрлым тоқтаусыз жүргізуге мүмкіндік туғызып отырды. Тракторшы Буревец жолдас егін жыйнау маусымы басталғалы трактордың қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп келеді.

Агрегаттың өнімді жұмыс істеуіне «Гигант» колхозының басқармасы барлық жағдайды жасады. Осының нәтижесінде толық жұмыс күнінде 30 гектарға дейін егін жыйнап жүрміз.

Біз еңбек қарқынын бұдан бәсеңдетпей, жақын арада алған міндеттемелерімізді абройман орындап шығамыз.

Г. ТИМЧЕНКО,

☆

Бүгін [illegible] алда

МАЙБАЛЫҚ МТС-І БОЙЫНША

Комбайншы ЛОСТУШЕНКО жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен 253 гектар егін жыйнады. Агрегаттың тәуліктік орта еңбек өнімділігі 19 гектар.

Комбайншы ХАМИТОВ жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен 278 гектар егін жыйнады. Агрегаттың тәуліктік орта еңбек өнімділігі 19 гектар.

Комбайншы ШАНЕНКО жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен 282 гектар егін жыйнады. Агрегаттың тәуліктік орта еңбек өнімділігі 17 гектар.

СУВОРОВ МТС-І БОЙЫНША

Комбайншы РАГОЖИН жолдас тіркеудегі екі «Сталинец—6» комбайнымен 403 гектар егін жыйнады. Агрегаттың тәуліктік орта еңбек өнімділігі 27 гектар.

Комбайншы МЕЛЬНИК жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен 220 гектар егін жыйнады. Агрегаттың тәуліктік орта еңбек өнімділігі 18 гектар.

ҚАРҚЫН БАЯУ, САПА НАШАР

Егін жыйнауды 10 жұмыс күні ішінде өткізу жөнінде Қарағанды астық совхозының басшылары есеп жасаған-ды. Шынында да бұл есеп нақтылы есеп сияқты еді. Сондықтан да болса керек. ол жөнінде совхоз басшылары мейірлене сөз етіп те жүрді.

—Совхозымызда, —дейтін олар,—жүгерін айтпағанда 3667 гектар дәнді дақылдар егіні бар. Оны 10 жұмыс күні ішінде жыйнап алу үшін күн сайын 366,7 гектар егін ору керек. Ал мұның өзі қолда бар комбайндардың әрқайсысымен тәулігіне 18,3 гектар егін жыйналуы қажет деген сөз. Бұған күшіміз де, мүмкіншілігіміз де жетеді. Тіпті, совхозда күніне 25—30 гектарға дейін егін жыйнайтын тәжрибелі комбайншылар да аз емес.

Көкейге қонымды бұл сөз тыңдаушыны қуантпай қоймайтын да. Бірақ совхозда егін жыйнаудың қазіргі барысы онша қуанышты болмай отыр. Өйткені совхоз орақққа 15 августа кірісіп, алғашқы бес күнде 839 гектар, екінші бескүндікте 197 гектар ғана егін жыйнады.

Кейбір комбайншылар тапсырманы үнемі толық орындамай жүр. Мәселен, комбайншы Г. Несмехов және К. Болосов жолдастар ауа райы қолайлы болғанның өзінде егінді нормадағыдан кем жыйнайды. Олар астық ысырабына да жол беріп келеді. № 4 және № 6 танаптарда аласа өскен егінді жыйнағанда едәуір масақ қырқылмай қалған, қырқылған масақтардың да едәуірі жерде шашылып жатыр. Осыған қарамастан, совхоз басшылары мен мамандар комбайншылардың еңбек өнімділігі төмен болуының себептерін зерттеп ашу, астық ысырабын болдырмаудың шараларын қарастыру ісімен аз шұғылданады.

Мұнда барлық комбайн агрегаттарымен күн сайын жыйналған егіннің көлемі де күнбе-күн есептелмейтін көрінеді. Біз совхоз директоры Вопилов пен аға агроном Меренков жолдастардан кеше қанша егін жыйналды деп сұрағанымызда, олар:

—Бұл цифрды трактор бригадаларынан сұрап білу керек,— деп жауап берді.

Совхоздың жабық қырмандарында қазір жүздеген центнер астық жатыр. Оны

☆

Зор ұйымшылдық

Вильямс атындағы колхоздың колхозшылары егін жыйнау мен астық дайындауды барлық жағынан мұқыят әзірлікпен бастап, оны ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Бірқатар комбайн агрегаттарының мүшелері егін жыйнауда айтарлықтай еңбек етіп жүр. Мысалға Роман Грелых жолдастың комбайн агрегатын алайық. Бұл агрегат күн сайын бір «Сталинец—6» комбайнымен 25-30 гектар егін жыйнауда. Агрегат мүшелері барлығы 200 гектардан астам егін жыйнап отыр.

Комбайншы Иван Лишков, Федор Тулов, Иосиф Кляс жолдастардың агрегаттары да егін жыйнауда үздік табыстарға жетуде. Колхоз басқармасы комбайн бункерлерінен астық тасуға автомобильдерден басқа 19 арба бөлген. Барлық комбайн бункерлерінен астық агрегат жүріп бара жатқанда қотарылады. Бұл жұмыс уақыты неғұрлым өнімді пайдаланылады деген сөз.

Мұнда бастырылған астық дереу тазартылатын болған. Сөйтіп, тәулігіне 600—800 центнер астық тазартылады. Астық тазартудың осылайша ұйымдастырылуы мемлекетке астық тапсыру қарқынын шапшаңдатып отыр. Колхоз соңғы күндері ғана мемлекетке 7 мың пұттай астық тапсырды. Колхоздан Мамлют элеваторына астық тиеген керуендер тоқтаусыз келуде.

Егін жыйнау мен астық дайындаудың қарқынды барысында колхоз коммунистері басты ұйытқы болып отыр. Олар егін жыйнаудың шешуші участоктеріне тағайындалған. Коммунистер өндірісте тікелей еңбек ете отырып, егіншілер арасында өндірістік өрлеу туғызуда.

Партия ұйымы егіншілер арасындағы партиялық- саяси жұмысты да кеңінен өрістетіп, оны шаруашылық жұмыстармен байланыстыра жүргізуде. Үгітшілер алдыңғы қатарлылардың іс тәжрибелерін насихаттаумен бірге орын алған кемші...

райының қолайсыздығына қарамастан ең алыс Октябрь ауданының колхоздарынан Петропавл элеваторына астық тасуда тапсырмаларын екі, екі еседен де асыра орындап келеді. Облыстың колхоздарында, МТС-тері мен совхоздарында бұлар сыяқты озаттар аз емес.

Бірақ көптеген колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың басшылары, олардағы партия, комсомол ұйымдары, сондай-ақ жергіліктi Советтер егін жыйнау мен астық дайындаудағы озаттардың тәжрибелерін жете насихаттай алмай, оны көпшілiктің игілігіне айналдыра алмай келеді. Мұндай елеулі кемшілік әсресе Совет, Мамлют аудандарының колхоздарында, МТС-тері мен совхоздарында орын алуда. Аталған аудандарда бұқаралық -саяси және ұйымдастыру жұмыстарының өз дәрежесінде болмауы, ғылымның табыстары мен озаттардың тәжрибелерінің өндіріске батыл енгізілмеуі шаруашылыққа нұқсан келтірмей отырған жоқ.

Совет және Мамлют аудандары егін жыйнау мен астық дайындауда облыста артта қалып келе жатқан аудандардың бірі. Бүган 1 сентябрьге дейін егін жыйнау жоспарының Совет ауданында 11,1 процент, Мамлют ауданында 18,1 процент ғана орындалуы толық дәлел. Алайда бұл жағдай аудан басшыларын, атап айтқанда, Совет аудандық партия комитетінің бірінші секретары Сверкунов, аудандық Совет атқомінің председателі Живулина, Мамлют аудандық партия комитетінің бірінші секретары Хитрин, аудандық Совет атқомінің председателі Жадан жолдастарды онша көп ойландырмай отыр. Олар егін жыйнау мен астық дайындаудың маусымды жұмыс екендігін ескермей, әлі күнге жайбарақаттыққа салынып келеді.

Бұл аудандарда егін жыйнау мен астық дайындаудың мейлінше баяу жүргізілуінің себебі неде? Әлде бұларда егін жыйнайтын, астық тазартатын, астық тасыйтын машиналар, болмаса адам күші жеткіліксіз бе? Жоқ, олай емес. Оның басты себебі егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарына аудандық партия комитеттерінің қарқынсыз болып отырғандығын көп ретте ағза басшылықтың өз дәрежесінде болмай келе жатқандығынан деуіміз керек.

Алда тұрған міндет —егінді ысырапқа ұшыратпай қысқа мерзімде жыйнап алу, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын артығымен орындап шығу, әрбір колхоз бен совхозды тұқыммен қамтамасыз ету, колхозшылардың еңбек күндеріне мол астық берілуіне жетісу, МТС, совхоз жұмысшыларының табысын көбейту.

Бұл міндеттерді орындау үшін облыстық ауыл шаруашылығы мен совхоздар басқармасы, дайындау министрлігінің облыстық уәкілдігі, облыстық «Заготзерно», «Автотранспорт» мекемелері, аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға, автороталар мен астық қабылдау пункттеріне басшылықты жақсартуға тиіс.

Бізде егін жыйнау мен астық дайындауды аброймен өткізуге толық мүмкіншілік бар. Жалғыз-ақ оны дұрыс пайдалану, демек, барлық комбайнды жұмысқа қосып, олардың және астық тазартатын, астық кептіретін машиналардың күндізгі түні бірдей жұмыс істеуін, әрбір комбайнмен күніне кемінде 20—25 гектардан егін жыйналуын, қырманға түскен астықтың сол күні тазартылып, кептірілiп, қабылдау пункттеріне жөнелтілуін қамтамасыз ету керек. Комбайн агрегаттарында, транспорт бригадаларында, қырмандарда, астық қабылдау пункттерінде еңбекті дұрыс ұйымдастырып, социалистік жарыстың кең өріс алуына, жұмыстың тәулік бойына жүргізілуіне, озаттардың тәжрибелерінің насихатталып, оның бұқараның игілігіне айналуына жетісу қажет. Егін жыйнау мен астық дайындауға басшылық оперативті, нақтылы, әсерлі болуы керек.

Астық —ел ырысы. Елімізде астық молшылығын жасау күресіне бүкіл облыс еңбекшілерінің белсене қатысып, келелі үлес қосуына жетісейік!

М. Д. Чубинидзе жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Грузин ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі және СССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары М. Д. Чубинидзе жолдастың туғанына 50 жыл толуымен байланысты және оның Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбектері ескеріліп, Мерон Дмитрович **Чубинидзе** жолдас **Ленин** орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**
СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль. 2 сентябрь, 1955 жыл.

Сулеев МТС-нің комбайншысы.

Ұштастыра жүргізуде

Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозында егін жыйнау, астық тазарту және астық дайындау жұмыстары бір-бірімен ұштастырыла жүргізілiп келеді. Әсресе комбайншылардың еңбек өнімділігі арта түсуде. Мәселен, комбайншы Е. Сартисон жолдас бір «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 20—25 гектардан егін жыйнап жүр.

Астық тазартуда да колхозшылар көрнекті табысқа жетуде. Коммунист Үскембаев жолдас механикаландырылған астық тазартқышпен сменасында 160 центнер орнына, 200—220 центнер астық тазартады. Бұл істе колхозшыларға мектеп оқушылары көп көмек көрсетуде.

Қ. ТАУБАЕВ.

кін жауын-шашыннан комбайн агрегаттары кей күндері тоқтап қалды. Дегенмен, бұл комбайн агрегаттарының өнімсіз пайдаланылуына негізгі себеп бола алмайды. Өйткені, тәтті, ашық күндерде де агрегаттар жоғары көрсеткішке ие бола алмады. Совхоз басшыларының есебіне сәйкес тәулігіне 366 гектар егін жыйнау бір рет те жүзеге асырылған жоқ.

Мұның себебі неде? Еңалдымен жұмыс уақыты толық пайдаланылмайды. Совхоз директоры Вопилов жолдас «дымқыл астық қырмандағы жұмысты көбейтіп жібереді» деген желеумен жауыннан кейін егін масағы әбден кепкенше комбайндарды тоқтатып қояды. Осының салдарынан ашық күндері комбайнның жұмыс уақытының едәуір бөлегі босқа өтеді. Ал жауын титтей ғана себелеген күндері комбайндар жұмыстан тоқтатылады.

«ВИСХОМ» астық кептіргішті 22 августа ғана жөнелтіп болып, жұмысқа қосылды. Соның өзінде оның қуаты толық пайдаланылмай отыр. Астық тазартқыштар мен астық кептіргіштер түнгі уақытта босқа қарап тұрады. Астықтың тазартылмауы және кептірілмеуінен мемлекетке астық тапсыру графигі де орындалмай келеді.

Егін жыйнаудың қолайлы мерзімі өтіп барады. Совхоздың егін даласында пісіп тұрған егіннің дәні түсе де бастады. Қырманда тазартылмай жатқан астықтың да сапасы кеміп, ысырабы көбеюде. Совхоз басшылары астық ысырабына жол бермеудің басты міндет екенін түсінбейді деуге болмайды. Мұны біле тұра олардың ысырапты жою, егінді тез жыйнау шараларын қарастырмаулары қалай?

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Әлгілерді батыл сынап, оны дереу жоюға көмектесіп жүр. Бір мысал: егін жыйнаудың алғашқы күндері комбайншы Бөздерев жолдастың еңбек өнімі онша болмады. Басқа комбайншылар 100-120 гектардан егін жыйнағанда ол небары 18 гектар ғана егін жыйнады. Үгітші Величко жолдас бұл мәселеге назар аударып, комбайншылармен өткізген әңгімесінде Бөздеревтің жұмысындағы кемшіліктердің сырын аша айтты. Бұл әңгімеден кейін Бөздерев жолдас жұмысты жақсарта бастады. Кәзір ол таңдаулы комбайншылардың бірі.

Колхоз партия ұйымы мен басқарма ауыл шаруашылығындағы ең жауапты маусым— егін жыйнау мен астық дайындауды осылайша ұйымдастырып отыр.

Т. ЕСЕНОВ.
Мамлют ауданы.

Туған еліміздe

Комбайннан астық түсірудің жаңа әдісі

РАДЕХОВ, (Львов облысы). (ТАСС). Радеховск МТС -нің механизаторлары Хрущев атындағы колхозда екі мың гектар дәнді дақылдар жыйнауды аяқтады. Жиі-жиі жауын-шашын болуына қарамастан, егін ору өткен жылдағыдан бір апта бұрын өткізілді. Бидай гектарына орта есеппен 19 центнерден, ал көптеген алаңдарда 27 центнерден жыйналды.

Комбайншы Мартын Верун жақсы инициатива көрсетті. Ол комбайн бункері жанына 2 кісі тұратындай етіп шағын алаң жасады. Олар арнаулы шүмектен түскен астықты қаптарға толтырады, қаптың аузын байлап, оларды жерге лақтырады. Бұл қаптар комбайнның соңынан автомашинамен жүріп жыйнап алынады. Бұл комбайнның астықты түсіру үшін босқа қарап тұруын жояды және күн сайын қосымша 3 гектар егін оруға мүмкіндік береді.

М. Верун екі апта ішінде 320 гектар жердің егінін орып, 4.850 центнер астық бастырды. Комбайннан астық түсірудің бұл әдісін кәзір облыстың 500-ге жуық комбайншысы ойдағыдай қолданып жүр.

Радеховск МТС-нің механизаторлары кеңдігі 18 метр трактор тырнауыштарын пайдаланып, олармен комбайнмен жыйнағаннан кейін қалған масақтарды жыйнайды.



Жақында Москваның Солтүстік өзен вокзалынан Астраханьға баратын үш палубалы «Н. Гастелло» теплоходы сапарға шықты. Бұл — Үлкен Волгаға арналып жаңадан жасалған жолаушы кемелерінің бірі. Ол ССРО Өзен флоты министрлігінің Ленинградтағы конструкторлық бюросының жобасы бойынша Висмар қаласында (Герман Демократиялық Республикасы) жасалған. Кеменің жайлы-жақсы каюталарында 500 ден астам жолаушы жайғасады. Үш палубалы теплоход сағатына 25 километр алады. Мұнда музыка, оқу салондары, екі ресторан, ванналар, кең террассалар, душ қондырғылары бар.

СУРЕТТЕ: «Н. Гастелло» теплоходы Химки су қоймасында.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Маркс пен Энгельстің шығармаларын Азербайжан тілінде басып шығару

БАКУ, 30 август. (ТАСС). Маркс—Энгельс —Ленин —Сталин институтының Азербайжан филиалы «К. Маркс пен Ф. Энгельстің таңламалы хаттары» деген жыйнақты азербайжан тілінде басып шығарды.

Соңғы уақытта Маркс пен Энгельстің бірқатар еңбектері, оның ішінде Маркстің «Капиталының» бірінші томы, Энгельстің «Анти Дюринг» деген еңбегі, Маркстің «Саяси экономикаға сын жөнінде» деген еңбегі және басқалары азербайжан тілінде басылып шықты. «Капиталдың» екінші және үшінші томдары, Энгельстің «Табиғаттың диалектикасы», К. Маркс пен Ф. Энгельстің орыс саяси қайраткерлерімен алысқан хаттары басып шығаруға өзірленуде.

Еңбек резервтері училищелерінде

Еліміздің қолөнер, темір жол, кен өнеркәсібі еңбек резервтерінің арнаулы училищелерінде оқу жылы басталды. 200 мыңнан астам жас жігіттер мен қыздар оқуға кірісті.

Москвада оқудың алғашқы күні ұйымшылдықпен өтті.

Москваның Сталин атындағы автомобиль заводы үшін жұмысшылар даярлайтын № 1 қолөнер училищесінде 800-ден астам адам оқый бастады. Электр монтерлері тобында сабақ электр машиналарының құрылысына арналды. Ол мастерскойда болашақ токарьлар, фрезеровщиктер, құрал- сайман жасаушы слесарьлар сабаққа қатысты.

«Красный пролетарий» заводы жанындағы № 6 қолөнер училищесінде 500-ден астам жас жігіттер мен қыздар оқыйды. Училище оқу жылына жақсы дайындалды. Мастерскойлар жаңа токарьлық және бұрғылау станоктарымен толықтырылды. Санитарлық техника жөніндегі кабинет құрылды, онда жұмыс істейтін ең жаңа аппаратура орнатылды.

Москваның еңбек резервтері мектептерінде барлығы 12 мыңға жуық жас жігіттер мен қыздар оқуға кірісті.

(ТАСС).

ТОҒЫЗ АЙЛЫҚ ЖОСПАР ОРЫНДАЛДЫ

СИАЗАНЬ (Азербайжан ССР), (ТАСС). «Сиазаньнефть» мұнай кәсіпшілігі басқармасының коллективі 30 августа Азербайжанда бірінші болып сентябрьдің тапсырмасынан тыс жаңар май өндіруге кірісті.

Ұйымдастыру жұмысының дәрежесі жоғары болсын

Ленин ауданының колхоздары мен совхоздарының егіс көлемі тың және тыңайған жерлерді көптеп игеру есебінен өткен жылға қарағанда 60 мың гектар артты. Егіннің шығымы мемлекетке астық тапсыру, колхоздардың қоғамдық байлығын арттыру, еңбеккүнге астықты көптеп беру мақсатын қамтамасыз ететін дәрежеде. Енді ігі мәселе колхоздар мен совхоздардың егінін қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алуда болып отыр. Аудандық партия комитетінің жақында болып өткен Пленумы осы мәселеге баса назар аударды.

Аудан колхоздары мен совхоздарының егін жыйнау науқанына жаппай кіріскеніне жарты айдан астам уақыт өтті. Егер қолда бар техника мен мүмкіндік толық пайдаланылған болса, осы уақыттың ішінде егіншілердің елеулі табыстарға ие болуларына жетісуге болар еді. Бірақ амал не, ауданның партия, совет ұйымдары, колхоздар мен МТС-тердің, совхоздардың басшылары ауылшаруашылық жұмыстарының жауапты кезеңі — егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру науқанына оперативті басшылық ете алмай келеді. Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жөніндегі күнделік, бескүндік тапсырмалардың орындалмауының сыры, міне, осында болып отыр.

Егін жыйнау жұмысының ойдағыдай жүргізілуі комбайндарды тиімді пайдалану ісіне тікелей байланысты екені мәлім. Алайда МТС-тердің директорлары мен партия ұйымдары комбайндарды жөндеу, оларды егіс даласында өнімді пайдалану ісін қамтамасыз ете алмай келеді. Образцовой МТС-інде комбайндарды жөндеу жұмысының сапасы төмен болуына жол берілген. Мұнда жөндеуден өткен 70 комбайннан егіс даласында небары 44 комбайн ғана жұмыс істеп жүр. Қалғандары МТС усадьбасында, немесе трактор бригадаларында техникалық жағынан жарамсыз болғандықтан бос тұр. Мәселен, «Еңбек» колхозына жіберілген комбайншы Смирнов жолдастың комбайны егіс даласын бір-ақ айналуға жарап, он күннен бері бос тұр. Ал МТС-тің механиктері ол комбайнды жөндеу жөнінде практикалық шараларды жүзеге асыруды естен шығарып келеді. Бұл станцияда жөнделмеген комбайндарды «жөндеуден өтті» деп, өтірік мәлімет беру сыяқты зыянды әдет орын алған.

Мұның үстіне жұмыс істеп жүрген комбайндардың өзі өнімді пайдаланылмайды. Мәселен, Образцовой МТС-інде әрбір комбайнның біркүндік жұмыс көрсеткіші орта есеппен 8 гектардан аспайды. Ал Куйбышев атындағы МТС-те әр-

Ауданда еңбек үлгісін көрсетіп жүрген озат комбайншылар аз емес. Мәселен, Пушкин атындағы МТС-тің комбайншысы Плютер жолдас «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 25 гектар егін орып жүр. Бірақ партия ұйымдары озат комбайншылардың жұмыс тәжрибелерін насихаттау, сөйтіп артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосу жөнінде мардымды ештеңе істей алмай келеді. Комбайншылармен жұмыстың жеткіліксіз ұйымдастырылуын Образцовой МТС-і трактор бригадасының бригадирі Попов жолдастың сөзінен де айқын білуге болады.

—Бригадада бұқаралық- саяси жұмыс жоқтың қасы, —деп мәлімдеді ол, —егін жыйнау жұмысы басталғалы біз бастауыш партия ұйымы мен аудандық партия комитетінен ешкімді көре алмадық. Басқаны айтпағанда, бригадаға газет-журналдар да кезінде жеткізілмейді. Комбайншылар мен тракторшылар өндірістің озат тәжрибелері, еліміздің ішкі және сыртқы жағдайы жөнінде әңгімелер мен лекцияларды жиі тыңдағысы келеді. Партия қызметкерлерінің мұны ескеруі қажет -ақ.

Аудан колхоздары мен совхоздарында жабық қырмандар салу жұмысы күні бүгінге дейін аяқталмай келеді. Осының салдарынан астықтың бүліну хаупі кездесіп отыр. Жабық қырмандар салу жұмысы әсресе Пушкин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда нашар жүргізілуде. Буденный атындағы колхозда бірде- бір жабық қырманның болмауы колхоз басшыларын ойландыратын емес. Осы сыяқты астық кептіргіштер орнату жұмысы да баяу жүргізілуде. Станцияда жаңа типті 10 астық кептіргіштің небары төртеуі ғана жұмыс істейді.

Жарыссөзде сөз сөйлеушілердің бірқатары мемлекетке астық тапсыру жұмысының қарқыны баяу екеніне көп назар аударды. Астық қырмандарында еңбектің нашар ұйымдастырылуы салдарынан қолда бар астық мемлекет қоймаларына кезінде жіберілмей отыр.

Пленум колхоздар мен совхоздарда егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын үлгілі ұйымдастырудың шараларын белгіледі. Енді ігі міндет ауданның партия, совет ұйымдары пленум белгілеген шаралардың жүзеге асыруын қамтамасыз етіп, колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерін астық үшін күреске жаппай қатыстыруда болып отыр.

* * *

Жақында өткен ҚКП Ленин аудандық комитетінің пленумы ұйымдастыру мәселесін қарады. Басқа жұмысқа ауысуына байланысты Г. И. Плевако жол

КІТАП БАЗАРЛАРЫНДА

Мәдениет және демалыс паркіндегі цирк үйі кітаптар сарайы сыяқты. Күн сайын ағыла келіп, саналуан кітап қолтықтай шыққан петропавлдықтар тасқыны әсте толастар емес. Мұнда кітап базары өткізілуде.

Кітап витриналарында ғылми-көпшілік, ауылшаруашылық, техникалық әдебиетер мен оқулықтар көп жыйнақталған. Көркем әдебиет кітаптары да саналуан: кітап оқушылар Горький мен Маяковскийдің, Пушкин мен Л. Толстойдың, совет жазушыларының шығармаларын сатып ала алады. Сол сыяқты Кольцов, Крылов, Яновский, В. Скотт, Смолетт шығармаларының соңғы басылғандары, туысқан халықтар әдебиетшілерінің таңдаулы шығармалары бар. Ал қазақ жазушыларының кітаптары мен балалар әдебиеттері үшін арнаулы бөлімдер ұйымдастырылған. Кітап базарында бейнелеу искусствосының тамаша шығармаларын да көптеп кездестіруге болады.

Кітап базарлары колхоз базарының павильонында, бірсыпыра аудан орталықтарында өткізіле бастады.

Кітап базарларына жұртшылық тек сатып алушы ретінде ғана емес, сонымен бірге кітап таратушы ретінде де қатысып жүр. Тек қаланың өзінде ғана 150 комсомолец-жастар жұртшылық арасында кітапты көптеп таратуға белсене қатысуда. Адамдарымыздың кітапқа деген құштарлығының орасан зор өсіп отырғандығын мына фактінің өзі ғана айқын көрсетеді: кітап базарлары ашылған алғашқы үш күннің ішінде 15 мың сомның әртүрлі кітаптары сатылды. Ал Пресновка тұрғындары бір күнде 1400 сомның кітаптарын сатып алған.

Кітап базарлары кезінде әдеби тақырыптарда баяндамалар мен әңгімелер ұйымдастырылып, баспадан шыққан жаңа кітаптар жайында қысқа хабарлар жасалып тұрады. Кітап базарлары әлі де жұмыс істеуде.

СУРЕТТЕ: Мәдениет және демалыс паркіндегі кітап базарына келген адамдар қазақ әдебиеті бөлімінен кітап сатып алып тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Кино көрсету еңбекшілердің тілегіне сай болуы керек

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісінде кино искусствосының зор маңызын партиямыз бен үкметіміз өте жоғары бағалап, бұл істі еңбекшілердің тілегіне сай ұйымдастыруға үнемі көңіл бөліп отыруды талап етіп келеді. Облысымыздың аудандарында колхоз, совхозда рында жүздеген киномеханиктер жұмыс істейді. Олардың колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде еңбекшілерді киномен қамту дәрежесін бақылап отыру аудандық мәдениет бөлімдері мен облыстық мәдениет бөлімдері, облыстық мәдениет басқармасы киномеханиктердің жұмыстарындағы мұндай олқылықтарды бақылап отырмайды.

Сондай-ақ Совет ауданындағы «Красное поле» колхозының Үлгі, Өрнек, Наурыз бригадалары орталықтан алыс тұрады. Ал, ол бригадалардағы еңбекшілерді киномен қамту ісін аудандық мәдениет бөлімі (меңгерушісі Правосудько жолдас) мүлдем ұмытқан.

Кейбір киномеханиктер өздеріне жүк-

Село тұтынушыларының тілегін мінсіз өтейік

Жуырда Полудин ауданы тұтынушылар одағы жүйесіндегі селолық тұтынушылар қоғамдары қызметкерлерінің жыйналысы болып өтті. Онда аудандық тұтынушылар одағы басқармасының жарты жылдық жұмысының қорытындысы талқыланды. Бұл жөнінде аудандық тұтынушылар одағының председателі Петренко жолдас баяндама жасады.

Осы жылдың өткен алты айы ішінде село еңбекшілерінің тұтыну талабын өтеуде бірқатар жұмыстар істелген. Атап айтқанда, тұтынушылардың күнделік қажет етіп отырған товарларын сату ісі едәуір ұлғайтылған. Аудандық тұтынушылар одағы бойынша товар айналымының белгіленген жоспары 108,9 процент орындалды. Яғни, өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда село тұтынушыларына 5 миллион 215 мың сомның азық-түлік және өнеркәсіп товарлары артық сатылған.

Жекелеген селолық тұтынушылар қоғамдары еңбекшілерге товарлар сатуда айтарлықтай табыстарға ие болды. Әсресе Тоқшын және Полудин селолық тұтынушылар қоғамдары еңбекшілердің қажетін үнемі және жан-жақты зерттеудің нәтижесінде товар айналымының жоспарын айдан-айға асыра орындап келеді.

Осымен бірге селолық тұтынушылар қоғамдарының жұмысында елеулі кемшіліктерге жол беріліп отыр. Кейбір селолық тұтынушылар одақтарында советтік сауда принципінің бұрмалану фактілері әлі бар. Мұнда жағдай Метлишино селолық тұтынушылар қоғамынан (председателі Шмелев жолдас) жиі кездеседі. Мұнда сатушылар жергілікті тұрғындардың тұтыну қажетін зерттеу ісімен нашар шұғылданады. Соның салдарынан село тұтынушылары өздеріне қажет болған товарларын мезгілінде сатып ала алмай жүр. Мәселен, бұл селолық тұтынушылар қоғамының дүкендерінде жеті ай бойы керосин мүлде сатылмай келген. Ал бұл керосин аудандық тұтынушылар одағының қоймаларында бола тұрса да, тұтынушылар қоғамының председателі Шмелев жолдас: керосин арзан тұрады, одан алынатын түсім тым аз деп және оны дүкендерге тасып жеткізуді қыйынсынып, керосинді дүкенде сатудан үзілдікесілді бас тартқан. Бұл жағдай аталған селолық тұтынушылар қоғамы бойынша товар айналымының тағайындалған жоспарының орындалмауына әкеліп соқтырды. Дәл осы себеппен Метлишино селолық тұтынушылар қоғамы үстіміздегі жылдың өткен жеті айына белгіленген товар айналымы жоспарын орындай алмады.

Ново-Георгиевка селолық тұтынушылар қоғамында да жағдай дәл осындай. Мұнда күні осы уақытқа дейін сауда жұмысындағы басты тұлға —сатушы кадрларын іріктеп алу ісі дұрыс жолға қойылмай келеді. Мұның өзі кейбір сатушылар тарапынан совет саудасының ережелерін бұзу, көпшілік қолды товарларды сатушылардың тамыр-таныстарына жасырып сату немесе товарларға нарқынан артық баға қойып сату фактілерінің орын алуына әкеліп соқтырған.

Жыйналыста сөз сөйлеушілер тұтыну кооперацияларының жұмысындағы кемшіліктерді қатты сынға алды. Мәселен, Ново -Никольск селолық Советінің председателі Шеголев, Тоқшын селолық тұтыну қоғамының дайындаушысы Авдеев, Раевка селолық тұтынушылар қоғамының дайындаушысы Вощило және Сталин атындағы колхоздың колхозшысы Ворожко, Париж коммунасы атындағы колхоздың колхозшысы Чешуйко жолдастар және басқалары аудандық тұтынушылар одағының басшылары, оның председателі Петренко жолдас тұтынушылардың қажеттерін жете білмеу себепті жер-жерлерге товарларды бөліп жоспарлауды дұрыс жүргізбейтінін, соның салдарынан товарлардың түр-түрі село дүкендеріне біркелкі түсіп отырмайтынын, ал мұның өзі тұтынушылардың керекті товарларын уақытылы сатып алуына үлкен бөгет жасап отырғанын атап көрсетті. Сонымен бірге аталған жолдастар көптеген дүкендерге көпшілік қолды товарлардың, әсресе керосиннің, темекінің, әдеби, саяси, техникалық кітаптардың және басқа да бұйымдардың сатуға мүлде түспей келгенін атап айтты.

Жекелеген сатушылар советтік сауда принципін өрескел бұза тұрса да, олар кінәлі адамдар ретінде жауапқа тартылып отырмаған. Мәселен, аудан орталығындағы магазиннің сатушылары В. Комарова және Л. Кобылина жолдастар товарларды үстеме бағамен сатумен және өтімді бұйымдарды тамыр-таныстарына жасырып сатумен әуестеніп, совет саудасының ережелерін көріне-көзге бұзу жолына түскен.

Аудандық тұтынушылар одағының басшылары село тұтынушыларының қажетін өтеудегі мұндай кемшіліктерді дереу жойып, еңбекшілерге қажетті товарлардың әрдайым уақытылы және жеткілікті сатылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Т. ҚҰЛАТАЕВ,

Полудино селосы.

Сатушының жауапсыздығы

ір комбаинмен күнине неғарыз алты-ақ гектар егін орылады. Комбайндардың німді жұмыс істемеуінің негізгі себептері мынада болып отыр: комбайн агрегаттарында комбайншылардың еңбегі ашар ұйымдастырылған, көп жерлерде грегат мүшелерінің тұрмыстық жағдайарына жете назар аударылмайды.

аудандық партия комитетінің бірінші секретары қызметінен және бюро мүшелігінен босатылды. Аудандық партия комитетінің бірінші секретары және бюро мүшесі болып **Ф. Т. Супрюник** жолдас сайланды.

Қ. ШҰҢҒҰЛШИН,
(Өз тілшіміз).

Кәсіподақ ұйымына басшылық туралы

Мамлют аудандық партия комитеті Қанаев атындағы МТС партия ұйымының әсіподақ ұйымына басшылығы жөнінде сөбін тыңдады. Кәсіподақ ұйымы жұысшылардың 90 процентпен астамын әсіподақ мүшелігіне тартуды қамтамасыз тті. Жөндеу мастерскойы мен трактор ригадаларында 21 кәсіподақ топтары ұмыс істейді. Бұл топтардың ұйымдастырушылары мен кәсіподақ жұмысының практикалық мәселелері жөнінде семинарлар мен кеңестер жиі өтіп тұрады.

Сонымен қатар бюро мәжілісі партия ұйымының кәсіподақ ұйымына басшылығында елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетіп, ұйымның жұмысын онан әрі жақсарту жөнінде шаралар белгіленді.

Мұнымен бірге ауыл шаруашылығы мамандарының колхоздарды агрономиялық және зоотехникалық қамту ісінде елеулі кемшіліктердің де орын алып отырғандығын атап өту қажет. Мұндай кемшіліктер еңалдымен мынада болып отыр: агрономдар мен зоотехниктердің едәуір бөлегі осы уақытқа дейін колхоз өндірісінің шын мәніндегі ұйымдастырушылары бола алмай келеді, олардың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының мәдениетін арттыру ісінде колхоздарға көрсетіп жүрген көмегі жеткіліксіз, ауылшаруашылық практикасына озат тәжрибе мен ғылым табыстарын сылбыр насихаттап, сылбыр енгізеді.

Колхоздарда жұмыс істеп жүрген агрономдар мен зоотехниктердің өздерінің міндеттеріне формальді қарашылығына, колхоз экономикасымен терең таныспайтындығына, артель мүшелері арасындағы ұйымдастырушылық жұмыспен нашар шұғылданатындығына бірнеше мысалдар бар. Көптеген мамандар әлі күнге дейін өздерінің уақытын кеңселерде өткізу және егін бригадалары мен мал фермаларында сирек болу сияқты ескі әдеттен арыла алмай-ақ келеді.

Колхоздарды қамтыйтын МТС-тердегі агрономдар мен зоотехниктердің едәуір бөлегінің жұмысы қанағаттанғысыз болуының басты себептерінің бірі мынау: бұл мамандарға еңбекақы төлеудің осы күнгі қолданылып жүрген жүйесі оларды колхоз өндірісін дамытуға, ауылшаруашылық артельдерінің ақшалай және заттай табыстарын молайтуға заттай ынталандырмайды. Колхоздарда жұмыс істеп жүрген МТС мамандарына еңбекақыны мемлекет есебінен төлеу, олардың еңбегін колхоз жұмыстарының нәтижелерімен ешқандай дәрежеде байланыстырмайды. Еңбекақы төлеудің мұндай жүйесі қолданылып отырған жағдайда агрономдар мен зоотехниктер өздерінің қамтуындағы колхоздағы істің жайына, ауылшаруашылық дақылдарының өнімі және мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі жоспардың орындалуына тікелей жауап бермейді.

Бірқатар облыстарда, өлкелер мен республикаларда колхоз қаржысы есебінен жұмыс істеп жүрген агрономдар мен зоотехниктер МТС штатына көшіріліп, ақыны мемлекет есебінен алу сияқты мүлдем қате практикаға орын берілді. Бұл колхоздарда агрономиялық және зоотехникалық қамту ісіндегі істің жайын жақсарту былай тұрсын, қайта едәуір дәрежеде нашарлатып жіберді.

Сол сияқты жергіліктті жерлерде мамандарға басшылық жасау ісінде де елеулі кемшіліктер болып отырғандығын айта кеткен жөн. Көптеген партия және совет органдары колхозда жұмыс істеп жүрген агрономдар мен зоотехниктерге нағыз мәнісінде басшылық жасамайды, олардың жұмысына бақылау жүргізбейді және бағыт сілтеп отырмайды. Аудандық партия комитеттері мен олардың МТС аймақтары жөніндегі секретарлары кейбіреттерде ауыл шаруашылығы мамандарына басшылық жасаудан бойларын аулаққа салады. Аудан басшыларының еңбір қажеті болмай тұрса да, агрономдар мен зоотехниктердің нұсқауларын өзгерту фактілері де жиі кездеседі. Колхоз өндірісіндегі мамандарды саяси тәрбиелеу ісіне тиісті көңіл бөлінбейді. Аудандық партия комитеттері мен колхоздардың бастауыш партия ұйымдары мамандардың қоғам жұмысына белсене қатысуына жете көңіл бөлмейді.

Деревняға келген агрономдар мен зоотехниктердің ішінде оқу орындарын жуырда ғана бітіріп шыққан жас мамандар аз емес. Практикалық тәжрибелері болмағандықтан, олар белгілі қыйындықтарға кездеседі, тәжрибелі мамандар мен колхоз басшылары тарапынан күнбе-күн көмек көрсетілуін тілейді. Осыған қарамастан кейбір колхоздардың председательдері жас мамандарға көмек көрсету орнына, оларға теріс пиғырде қарайды, оларды басқарма жұмысына белсене қатысуға тартпайды және көп реттерде олардың колхозшылар алдындағы беделін түсіреді. Жергіліктті партия және совет органдарының жас агрономдар мен зоотехниктерге осындай дұрыс көзқарас болмайтындығына төзіп келе жатқандығы таңданарлық-ақ іс.

Бұл жөнінде ССРО ауыл шаруашылығы Министрлігі не істеп отыр? Ол агрономдар мен зоотехниктер жөнінде Ереже жасаумен ғана тынды. Соның өзінде бұл ережеде мамандардың праволары мен міндеттері күңгірт көрсетілген және дұрыс болмай шыққан. Министрлік оларға колхоз өндірісінің ұйымдастырушылары және техникалық басшылары ролін емес, еңкар кеңесшілер ғана ролін береді. Бұл министрліктің басшылары мамандардың мамандықтарын үздіксіз арттыру және таңдаулы агрономдардың, зоотехниктердің, мал дәрігерлерінің жұмыс тәжрибелерін насихаттау үшін шаралар қолданбайды.

Тікелей колхоздарда жұмыс істейтін мамандардың тұрмыстық қажетіне қамқорлық жеткіліксіз жасалады. Осы уақытқа дейін көптеген агрономдар мен зоотехниктер пәтер үймен, көліктен, отынмен қамтамасыз етілмей отыр. Осының бәрі олардың практикалық жұмысына кері әсер етеді, олардың барлық күшін жұмсап жұмыс істеуіне бөгет жасайды.

Осындай елеулі кемшіліктерді жою, колхоздарды агрономиялық және зоотехникалық қамтуды жақсарту мақсатында СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі агрономдар мен зоотехниктерді МТС штатынан шығарып, колхоздарға беруді қажет деп санады. Колхоз өндірісінде мамандардың практикалық қызметін жақсартуға бағытталып, нақтылы шаралар белгіленді.

Мамандарды МТС штатынан шығарып, колхоздарға беру жұмысы үстіміздегі жылдың 1 ноябріне дейін аяқталуға тиіс. Колхоздарға оларды агрономдар, зоотехниктер, колхоз председательдерінің орынбасарлары, өндірістік бригадалардың бригадирлері және мал фермаларының меңгерушілері қызметінде тұрақты жұмысқа алу ұсынылды. Осыған байланысты колхоздарда жұмыс істейтін агрономдар мен зоотехниктердің ауылшаруашылық артелінің мүшелігіне өтуі тиімді болар еді деп табылды. Оларға төленетін ақы әрбір маманға жеке-жеке жұмыс мерзімін және мамандығын ескере отырып, колхозшылардың жалпы жыйналысының қарары бойынша тағайындалады. Мұнымен бірге агрономдар мен зоотехниктер ай сайын мемлекет есебінен үш жыл бойына ақшалай қосымша ақы алады. Бұл мерзім ішінде мамандардың көмегімен колхоздар нығаюға және еңбеккүннің құны артуға тиіс. Сондықтан да агрономдар мен зоотехниктерге колхоз есебінен ақы төлеуге әбден болатын болады.

Колхоз басшылары өздерінің мамандары жөнінде зор қамқорлық жасауға, олардың жемісті жұмыс істеуі үшін бірқалыпты жағдай туғызуға міндетті. Колхоздардың агрономдар мен зоотехниктерге үй жанындағы участокте рді бөліп беруі, оларға тұрғын үй құрылысы және мал сатып алу жөнінде көмек көрсетуі қажет. Мұның барлығы ауыл шаруашылығы мамандарының өндірістегі қызметін жақсартуға көмектеседі.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі жергілікті партия және совет органдарын, сол сияқты, ауыл шаруашылығы Министрлігін колхоздарда жұмыс істейтін агрономдар мен зоотехниктерге басшылықты күрт жақсартуға міндеттеді. Міндет мынау: барлық мамандар дұрыс пайдаланылсын, әрбір агроном, әрбір зоотехник колхоз өндірісінің нағыз ұйымдастырушылары және техникалық басшылары болсын. Партия ұйымдары колхоздарда жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы мамандарын идеялық-саяси тәрбиелеу жұмыстарын күшейтуге, саяси оқу ұйымдастыруға және олардың іс жүзіндегі мамандығын арттыруға үздіксіз қолқабыс етуге, оларды қоғам жұмысына кеңінен қатыстыруға, аудан, облыс, өлке мен республика ауыл шаруашылығын өркендету мәселелерін талқылауға қатыстырып отыруға тиіс.

Ауыл шаруашылығының мамандары колхоз басшыларымен бірге, деревняның барлық еңбекшілерімен қол ұстаса қызмет істей отырып, егін даласының өнімі мен мал шаруашылығы өнімінің үздіксіз артуына, әрбір жүз гектар жер көлемінде ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді үздіксіз арттыруға, мемлекеттік жоспарларды толық және артығымен орындап отыруға жетісуге тиіс.

Партия мен үкімет өздеріне көрсетіп отырған жоғарғы сенімді ақтау үшін қолдан келгеннің бәрін істеу — агрономдар мен зоотехниктердің құрметті міндеті.

Мәдени-тұрмыс дәрежесі күн санап өсіп отырған совет адамдары сауда қызметкерлерінің тұтынушылар талабына сай сауда жүргізуін талап етеді. Ленин ауданындағы «30 жылдық Қазақстан» колхозының № 3 бригадасында С. Әбенов сатушы болып істеп келеді. Ол халықтың өнеркәсіп және азық-түлік тауарларына деген өскелең талаптарын қанағаттандырып отыру ісіне қалай болса солай, жауапсыз қарайды. Тұтынушылардың орынды ескертпелеріне құлақ асып, жұмыстағы олқылықты жоюды ескермей-ақ келеді.

Ол олма, Әбенов дүкенге түскен тауарлардың нарқына үстемө баға қойып сатудың өзін де әдетке айналдырып алыпты. Жақында ол 1 сом 75 тыйын тұратын қол сабынды 5 сомнан сатқан.

Б. МЫРЗАЛИН.

К. Омаров жолдас дүкенге түскен тауарлардың фактурасын сұрағанда ғана Әбенов «мен жаңылыпын» деп мойындады.

Дүкен сатушысы селолық тұтынушылар қоғамынан әкелінген қымбат бағалы өнеркәсіп тауарларын өзінің тамыр-таныстарына жасырын бөліп беру «тәсілін» де қолданады. Ол сонымен бірге дүкенді уақытында ашып, қызмет істеудің орнына, ішкілікке салынып үйде жатып алуды да жиілетіп жүр.

Совет саудасының принципін бұрмалаушы, тапсырылған жұмыстарға салақ, жауапсыз қарайтын сатушы С. Әбеновтың жолсыз жұмыстарына аудандық тұтынушылар одағы басшылары тыйым салуға тиіс.

С. АБЫЛҚАСОВ.

1955 жыл. 4 сентябрь, №176.

Әдебиет беті

Ғалым МАЛДЫБАЕВ

ЕКІ ӨЛЕҢ

I. АҚ ТЕҢІЗ

Арқаның ақ теңізі толқып жатқан,
Ақ бидай аспанменен құшақтасқан.
Сұлу қыз, әсем жігіт егін жайда,
Ту тігіп, қуаныпты әнге басқан.

Ақ теңіз—дәнді аймақ мың құбылған,
Күндіз күн, түнде айдың нұры жуған.
Лебімен жүрегімді жетелейді,
Тамаша күміс толқын, толқын қуған.

Алтын дән жерді жапқан шашағымен,
Кең алқап көк киекпен көмкерілген.
Маңайын жатқан кернеп бір ғана ән
бар,
«Арқаның ақ теңізі—егін!» деген.

Толықсып аспанменен ол астасып,
Сылдыран күліп кейде сыр сырласып,
Майысып сары сабақ тербеледі,
Тұрғандай кел досым деп құшақ ашып.

Нұрланып күн нұрымен мол денесі,
Кірді әне, ақ теңізге қыр кемесі.
Отанға алтын астық тауын жасау,
Ежелден біздің елдің әнегесі.

Ән, еңбек, дала толқын, дала сайран,
Ұл-қыздың ойы өршіл, жүзі жайраң.
Шалқыған ақ теңіздің ортасында,
Көп кеме —комбайндар қанат жайған.

Арқаның ақ теңізі тасып жылда,
Нұр қыяр байтақ қырға, шалқар тыңға.
Мол дәулеттің мекені кең даламыз,
Бөленіп махаббатты ән мен жырға.

II. КҮЗДЕ

Күні сүйген бетіңді,
Алтын айлы ұзақ күз.
Жарқырап айна секілді,
Құшағын жайды әсем түз.

Дымқыл тұман боз қырау,
Түнде жерге түнеді.
Кешегі жасыл бақша бау,
Бүгін құстай түледі.

Барады ұзап қырманнан,
Тонналаған дән артып.
Машиналар зулаған
Қалаға қарай жол тартып.

Махмұт ХҰСАИН
Татар ақыны

ЕСІЛГЕ СӘЛЕМ

Еске аламын Есіл анам,
Жатқан шалқып, толқый ағып.
Менің сонда туған далам,
Жыр жазамын мен сағынып.
Сонда басқан алғашқы ізім,
Алған жүрек тынысым да.
Тұңғыш сонда анамның мен
Сезгем көкірек жылысын да.

Борки, Бескөл ормандары,
Аялады еркелетіп,
Соққа қысқы борандары,
Шынығып мен, өстім бекіп.

Қандай ыстық жанға жақын,
Өзің туып, өскен жерің!
Сүйем оның қысын салқын,
Сүйем жазын, жібек желін.
Даласы кең туған елім,
Егін, орман атрабы,
Мейірімі және оның
Қолын бұлғап шақырады.
Қадірлі ел, көкпе бірақ,
Келмеді деп мен Қазаннан.
Туған Есіл емес жырақ,
Ұмыттырмас сені маған.

Қазан қаласы.

Ханиф КӘРИМ
Башқұрт ақыны

ҮЛКЕН АСУДА

Қыйын кезең, тар соқпақ, айнала құз,
Сол асудан жарыққа күшпен өттік.
Қалған кезде біріміз тығанақсыз,
Екіншіміз сүйедік, көмек еттік.
Жарым сен сан құпқардың зор
хауіптен,
Адамдар сол кезеңнен бізше өткен,
Түсінер дос қадірін артығырақ.
Бірдей көрдік екеуміз ренішсіз,
Кездескен өмір жолын екі басқа—
Бақыт пен қайғыны да бөлістік біз.

ЕКІ БҰЙРЫҚ

(Сықақ әңгіме)

—Нүрілә-әй, Нүрілә, қайда ғана кетіп қалғансың. Бол, бассаңшы аяғыңды, жаңа костюмім мен көйлек, галстуктерімді әперші.

—Е, не болды, сонша алтығып? Жау қуып бара ма?

—Жаудан да жаман қызыл көз төне төніп тұр. Жылдам ауданға жетіп, Әбекеңе барып, алдын алмасам, тағы да өткен жылғыдай қызметтен шығып қалуым ықтыймал.

—Сенің-ақ қызмет істегеніңнен қызмет іздегенің көп болды-ау осы.

Енді аздан соң жарау қарагер үлкен жолмен ауданға қарай адуындап бара жатты. Арбада отырған әдемі киімді жас жігіт те «Болашақ алдағы күн күңгірт маған» деген өлеңді ыңырсып айтып, жан- жағына жалтақтауды еді. Ол енді бір мезетте әнді тоқтатып, осыдан үш-төрт сағат бұрын болған оқыйғаны көз алдына елестетті.

Мектепке қарай директор Әбілмен бірге қала төртібімен киінген бір жігіт бет алғанда неге екені белгісіз Дүйсенбайдың жүрегі дір ете түсті.

—Тағы да райононың инспекторы бол маса жарар еді, —деп ойлады ол әлгі адамның қолтығындағы қалың папкеге өсігінің алдында тұрып көзі түскенде.— Бүтін сабаққа дайындалған да жоқ едім.

Ауыл- құрылыс киінін мектепке келгенде ол әлгі жорамал пікірінің рас екендігіне көзін жеткізді. Инспектор директормен әңгімелесіп отыр екен.

—Сә...лә...мәт...сіз бе! —деуге зорға шамасы келді Дүйсенбайдың. Аттай тулаған жүрегі бейне бір дабыл үніндей естілді оған.

—О, біздің Дүйсекең де келіп қалды. Танысып қойыңыз, —деді директор Жұмаш.

—Үй-ішіңіз, бала-шағаңыз тегіс аман ба? Жеңгейдің дені сау ма? Жолда қалжыраған жоқсыз ба? —деп бастырмалата бастады оны Дүйсенбай. Ол тіпті инспектордың уыздай жас екендігіне көз аударған жоқ. Тек омырауындағы алтын түстес герб бар ромбы төрізді значогін көріп, тегі үлкен спортшы болар деп бір ойлап қойды.

—Ағай, сіз сабаққа кешігіп келгеніңіз қалай? —дегенде әлгінде ғана амандықты бір- біріне жеткізбей жымылдатып

—Тақырыбыңыз XIX ғасырдағы шаруалардың ауыр халі болғандықтан сіз оқушыларға барлығына мен оброк туралы айтуыңыз керек, —деді ол.

—Барлығына, оброк дейсіз бе? —деп қайталап сұрады Дүйсенбай.

—Ия, әлде сіз бұлар туралы білмейсіз бе?

—Неге, білемін, барлығына дегеніңіз орыстың бой жеткен қызы ғой. Ал оброк дегеніңіз, оброк дегеніңіз...

Бұдан әрі оның ешнәрсе айтуға да шамасы келмеді. Өйткені директор мен инспектордың оған таңдана қарай қалған кейіптері оның үрейін ұшырып жіберді.

—Мен, жай... сасып... кетіп... сөйтіп, —дей берді ол.

Педагогикалық советтің мәжілісінде инспектор Асқаров тарих пәнінің оқытушысы Дүйсенбай Сапалақовтың сабақ беру методикасын да, программалық материалды да толық меңгермегендігін қатаң сынға алып, оның болашақта бұдан тиісті қорытынды шығару керектігін қатты ескертті. Бірақ Дүйсенбай мұндай сынның талайын естігендіктен оған айылын да жымады. Оның жанына батқаны Асқаровтың:

—Сапалақов туралы мәселені аудандық партия комитеті мен оқу бөлімінің алдына қоямын, —дегені болды. Оның жарау қарагерді адуындай айдап, аудан орталығына аттанған себебі де осы еді.

...Ауатком председателінің орынбасары Әбілман Ерқариннің кабинетіне кірген Дүйсенбай көпке дейін өзінің келген жұмысын туралап айта алмады.

—Жай, ауданға келген соң амандық білейін деп келіп едім, Нүрілә сіздің үйдегі жеңгейге деп қымыз бен соғымнан сыбаға жіберіп еді.

—О, қымыз ба, жүр үйге барайық. Қалған әңгімені ас үстінде шертерміз,— деді Әбекең.

—Әбеке, жуырда әлгі Асқаров деген біздің мектепке келіп еді. Мен үйге шақыра алмадым. Соған екпелеп маған материал жыйнап жүрген көрінеді. Соны сізге ескертейін деп едім, —деді ол.

ніл адамға. —Соны ескерте кетейін деп едім.

—Қой, оның ондайы жоқ еді ғой.

—Рас, Әсеке, рас, өтірік айтсам жаным шықсын. Наңбасаңыз Әбекеңнен сұраңыз.

Өмірінің басым көпшілігін жас ұрпақтарды тәрбиелеумен өткізген қарт педагогті Асқаров туралы айтылған бұл сөз қатты ойландырды. Сондықтан да ол Дүйсенбай кеткеннен кейін де көп ойланып отырды. Ал ол Асқаровты болашағы зор, білімді, адал жас деп бағалаушы еді.

—Алло, тыңдап тұрған Әкпаров, — деді ол шыр ете түскен телефон трубкасын қолына алып.

—Әсеке, мен ғой, Әбілманмын ғой. Үй-іші аман ба? Әлгі сіз көп мақтайтын Асқаровтың қылығын естідіңіз бе? ... Рас, жоқ, рас... Сенімді адамнан естідім. Шара қолдану керек, өндіргері өйтпесін, жас қой, сабақ болады.

Асқаров бұл әңгімеден екі күн соң оралды. Бұл аралықта Асқаровтың екінші бір мектепте істеген «жолсыздығы» туралы мектеп директорының қолы қойылған тағы бір хат келіп түсті Әкпаровтың қолына. Онда Асқаровтың мұғалімдерден «қонақасы» сұрағаны, оны бермегендерді қорқытқаны туралы айтылыпты. Ал бұл хатты жалған атпен баяғы тарихшы Дүйсенбайдың жібергенін ол білмейтін-ді.

Көп кешікпей аудандық оқу бөлімі меңгерушісінің инспектор Асқаровқа педагогикалық әдіске жат әдістері үшін қатаң сөгіс жарияланған бұйрығы «құлақтандырулар тақтасында» ілулі тұрды.

...Жылжып өткен күндер оқу жылының аяқталғанын аңғартқан да жоқ. Басына төнген бір «пәледен» әупірімдеп құтылған Дүйсенбайдың өмірінде ең қыйын кезең туды —жылдағыдай емес быйыл ол оқытқан класс оқушылары көршідегі Ленин атындағы орта мектепке барып емтихан тапсыратын болды. Жылда емтиханды өзі қабылдап, жауырды жаба тоқыйтын Дүйсекең емтихан қабылдаушы емес, ассисент болып қалыпты.

Жыл бойын жылтыр сөзбен өткізген Дүйсенбай оқытқан 27 баланың 15-і емтиханда «2» деген баға алды.

—Емтихан алатын мұғалім маған өш

ЕШКІМНІҢ АТЫН АТАМАЙ...

Жұмыс соны.
Бір-бірлеп жыйналды жұрт.
Кезекті жыйналысқа,
Бір бөлмеге.
Сөз алды бастық әне.
Халық жым-жырт.
Кейбіреу бұға түсті әлде неге.
Ойладым:
Мына біреу тасаланған,
Мұндағы жержалқаудың болар өзі.
Ehe!
Кәзір жарқылдап төнер соған,
Өткір сынмен шыңдалған бастық сөзі.
Зеңбірегі секілді батыл сынның,
Шешеннің келбеті зор,
Айбаты бар.
Ал енді,
Бетін ашып барлық шынның,
Отты, сергек сөздерін жарқылдатар.
— Жолдастар— деді ағай.
Үні шыйрақ —
Кемшілік көп.
Себеп не?
Кінәлі кім?
Деп тосыннан өзіне қойып сұрақ,
Су жұтты.
Біразырақ алды тыным.
Емделмеген ауру секілденің,
Ұлғаяр аз кемшілік сын болмаса.
Бұл кісі де тоқтады,
Сынға келіп.
Кәзір енді сынайды.
Міне, жаса!
Бірақ та
Отты басып алатынлай,
Атауға тоғышарды тілі келмей,
Шешен тұр,
Көп алдында күмілжіп жай,
Ескі ауылдың қорғаншақ келініндей.
—Кейбіреу,
Қайсыбіреу маскүнем,
шын,—
Дейді ол,—
Кейбіреулер кешігеді.
Сол «кейбіреу» бұркеді,
жоғалды сын,
Сөз созылды.
Жұрт қалғып есінеді,
Шешеннің сөздерінен
Сездік біліп

жендағы шын сүйеушің болдым бірақ.

Құламалы құздарда, жақпар таста.

КОЛХОЗҒА КЕЛДІ

Ауданға бастық болса да,
Колхозшыдан кіші еді.
Жолың болып қайтатын,
Шешімі мол кісі еді.
Аямайтын көмегін,
Жиі келіп тұратын.

Көптің біліп керегін,
Әр үйде кеңес құратын.
Шақыруға үн қосып,
Өзі келді тіленіп.
Іскер бастық колхозға,
Керек етіп жүр едік.

Мәдіхат ТӨРЕЖАНОВ.

КЕЗДЕСУ

Егін жайдан қайтты жігіт кешігіп,
Өз нормасын екі есе өсіріп.
Тез жететін . . .
таусылмайтын секілді,
Көк майсалы жатқан дала көсіліп.
Алып ұшып, лүпіл қағып жүрегі,
Асығыс-ақ, тағат таппай келеді.
Бұл кешікті,
босқа күтті-ау сүйгені,
Бақша ішінде кездесерміз деп еді.

Өзір тұрған қарамады асқа да,
Жар қызығы қарата ма басқаға.
Жарар еді тоспай кетіп қалмаса,
Баққа қарай бет түзеді, жасқана.
Қарсы алдынан шыға келді сүйгені,
Жігіт оған не дерін де білмеді.
Күлім қаққан жар бейнесін көргенде,
Ажарланып, нұр жайнады реңі.

Ғазез БАЛҒОЖИН.

тұрған дүйсенбайдың тіліне шоқ түскендей міңгірлеп кетті.

—Мен... бүгін... өлгі...нетіп, байқамай ... сейтіп... кешігіп.

Ал, инспектор «Сіздің сабағыңызға қатысайын» дегенде оның төбесінен жай түскендей болды.

Дүйсенбайға тамұқтың қыл көпірінде көрінген сабақ та бітіп, кеңсеге орал-ғанда инспектор оған өткен сабақтың кемшіліктерін талдап түсіндіре бастады.

Сен қолында шақырығы деп материал жыйнап жүр дейсің бе? Мен оған көрсетейін!

Ендігі істің оңғарыларын сезген Дүйсенбай аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Оспан Әкпаровқа бет алды.

—Апырай, Осеке-ай, Асқаров дегеніңіз қандай адам еді. Кеше біздің мектепке келіп, мен шақыра алмап едім, соған өкпелеп мен туралы жағымсыз сөздер айтып жүрсе керек, —деді ол бұл ақкенымен, бұл жолы оған Әбекең де, Осекең де көмек бере алмады. Көп кешікпей аудандық оқу бөлімінің «құлақтандырулар тақтасына» тағы бір бұйрық ілінді. Оның мазмұны Дүйсенбай Сапалақовты қызметтен шығару туралы еді.

Таңданарлық бір жай, бұл бұйрықтың аяғында да Әкпаровтың қолы тұр екен. Ал бір бастықтың бір- біріне қайшы екі бұйрық жазғанына кім кінәлі!

Тұрсынбай КӘКІМОВ.

БАҚЫТЫМ

Отан анам құшағында ер жеттім,
Мәпеледі, әлдиледі, тербеттің.
Арлы бол деп әділдікке үйретіп,
Қиялымды қияларға серметтің.

Мұқтаждықты өмірімде білмедім,
Шаттықпенен өтіп жатыр күндерім.
Отанымда барлық жастар осындай,
Мұндай бақыт басымда емес бір менің.

Жасұлан МҰХАМЕДЖАНОВ.

МҰҒАЛІМ

Кім ардақтап бас имейді өзіңе,
Кім құмартпас сенің шындық сөзіңе,
Ақылшымсың, әрқашанда ұстазым,
Жан анамдай ыстық тартқан көзіме.

Сәби оймен өз алдыңа келгенмін,
Сен үйреттің, өмір сырын білемін.
Аштың ғылым қазынасын алдыма,
Өстім міне, жас түлектей түледім.
Мейлі инженер, ақын болсын, не ғалым,
Барлығын да оқытқан сен—мұғалім.

Жылдар бойы еңбек етіп толғанған,
Жан сырыңды жанымменен ұғамын.
Өсті арнасы ақылым мен санамның,
Әліппеңді жаттап өскен баланмын,
Түсінемін болғаныңды ұстазы,
Саң ғалым мен неше ойлы адамның.

Алпыс БЕГАЛИН.

ЖАУДЫ ЖАҢБЫР СЕБЕЛЕП

Жыйналды да қалың бұлт,
Аймақты тегіс алды орай.
Атылып бейне жалын от
Ойнады көкте найзағай.
Алтын күн төкті өз нұрын,
Балқыды жер анадай.

Түрлене түсті ой-қырым,
Құлпыра түсті егін жай.

Рахметолла УӘЛИЕВ.

Ерінбей еңбектену, талмай іздену керек

(Редакцияға түскен өлеңдерге шолу)

Еліміздің жаңа табыстарымен байланысты әдебиетшілеріміздің көптеген тың шығармалары халықтық әдеби мұраға күн сайын көптеп қосылуда. Ірі ақын жазушыларымыз өздерінің жаңа шығармалары арқылы совет адамдарының еңбектегі табыстарын жырлай отырып, оларды социализмнен коммунизмге қарай біртіндеп өту жолындағы ұлы еңбекке онан сайын жігерлендіруде. Советтер елінде әдебиет жеке адамдардың ғана ісі емес, ол бүкілхалықтық қоғамдық құбылыс. Ол адамдарды коммунистік рухта тәрбиелеуші. Міне, сондықтан да біздің партиямыз бен үкметіміз әдебиетіміздің күн сайын өрлеп, дамып, халық шаруашылығымен бірге өсіп отыруына үнемі қамқорлық жасап келеді. Халық творчествосы Коммунистік партияның арқасында бостандық, еркіндік алды. Әдебиет ісіне еліміздің адамдарының кеңінен белсене қатысуына мүмкіншілік туды. Олардың шығармалары газет, журналдарға жариялаңып, жеке кітаптар болып басылып шығуда.

Бірақ әдебиетшілеріміздің шығармаларын халқымыз қалай болса солай қабылдай бермейді, ол шығармалар халық талғауы мен таңдауынан өтіп барып, қабылданады.

Бүкіл еліміздің адамдары сияқты облысымызда да көптеген адамдарымыз әдебиет мәселесімен шұғылданып жүр. Олардың қолдарынан шыққан сәтті, сәтсіз шығармалар: әңгіме, очерк, фельетон, өлеңдер редакцияға жиі түседі. Бұл авторлардың көпшілігі өлең жазумен айналысып келеді.

Айта кету керек, өлең жазу ісі өте ардақты, бірақ жауапкершілігі күшті және қиын іс. Өлең үнемі дайындалуды, өмірді, құрылыстарды терең түсініп, зерттеуді керек ететін жанр.

Редакцияға жазбақ болған тақырыбына лайықты тәп-тәуір пікірлер айтып, көркемдігі жағынан едәуір көзге түсерлік өлеңдер жазатын авторлар да бар. Олардың ішінде жұртшылығымызға көптен таныс Ғ. Малдыбаевтың өлеңдерін атап өту керек. Ғ. Малдыбаев өзінің өлеңдерінде айтпақ болған пікіріне лайықты ақынды бояу—көркемдік таба біледі. Сонымен қатар колхоз, совхоз өміріндегі күнделікті туып отырған жаңалықтарға іле үн қосып отырады.

Бірқатар өлең еңбек тақырыбына арналған. Айта кету керек, бұл өлеңдердің басым көпшілігінде, оның көркемдік дәрежесін айтпағанда, еңбек даңққа бөлейді, ер атандырады, еңбекпен ел көркейеді, өнер алды еңбек деген мазмұны бар. Бұл жағдай әсресе жас ақындардың еңбекке деген өте дұрыс көзқарастарын аңғартады. Дегенмен бұл тақырыптағы өлеңдердің «әттең!» дегізері де жоқ емес.

Мәселен, бірқатар жас ақындар еңбек туралы жазғанда көбіне мазмұнды үйқасымға бағындырып жібереді, я болмаса сырттай суреттеуге түсіп кетеді. Бұған мысал ретінде. Қ. Сәрсекеевтың «Колхоз базында» атты өлеңін алып көрейік. Мұнда автор колхоз мал өсірушілерінің қажырлы еңбегі туралы айтпақ болады. Бірақ ол құрғақ баяндауға түсіп кетіп, қажырлы еңбектің ішкі мазмұнын көрсете алмаған. Әсресе еңбек ерлерінің ішкі жан дүниесіне, еңбек табыстарының сырына назар аудармаған. Мәселен, ол колхоз фермаларындағы еңбекті былай суреттейді:

Малшылар жүр мал жайып,
Жұмсақ қылып төсегін.
Күйлі сыйыр маймөңдеп,
Жеп тұр дәнді көк шөбін.

Автордың мұндағы айтқалы отырған пікірі— малшының еңбегі. Бірақ еңбекті мұншалықты тұрпайы суреттеудің қанша керегі бар? Шындығында, малшыны құрметке бөлеген тек оның сыйырдың астына «жұмсақ қылып төсегін» салғандық ғана болмаған болар. Құр сырттай суреттеушіліктің салдарынан мұнда ешқандай көркемдікке я болмаса мазмұнға орын қалмаған. Ал «мал жайлап» пен «маймөңдеп» деген сөздердің буын ұйқасы болмаса көркемдікке қаншалықты септігі барлығын түсінудің өзі қиын.

Социалистік реализм әдісінің негізі— шындық. Бірақ шындықты сол қалпында өлең етіп жазудың бәрі бірдей социалистік реализм әдісімен жазылған шығарма бола бермек емес. Шындықтың өзін даму тұрғысынан көрсету керек. Өйткені поэзия дегеніміз шындықтың нақпа-нақ көшірмесі емес қой. Бірақ кейбір жас ақындар бұл қағиданы түсінбейтін сияқты. Мәселен, С. Қайырханов өзінің редакцияға жіберген «Тракторшы қыз» атты өлеңінде өз нормасын асыра орындаған механизатордың бәйге алғандығын жырлайды. Өте қуанарлық тақырып. Бірақ автор бұл өлеңінде поэзияға тән ешбір көркемдік, болмаса мазмұндық қасиетті ескермеген. Мәселен, ол:

Еңбек сүйгіш жайдары қыз,
Еселеп еңбек қарқынын.
Жүлде алды трактершы қыз,
Орындап артық жоспарын, —дейді.

Ал мұндағы пікір шындық негізден туған. Дегенмен шындықты үйқасыммен өлең етіп, нақпа-нақ айта салу мүлде жеткіліксіз. Жоғарыдағы шумақтың көркемдік дәрежесін, өлеңдік құрылысын есепке алмағанның өзінде, трактершы қыздың жүлделі орынды жеңіп алуы да оқушыға түсініксіз қалып отыр.

Нақ осы сияқты кемшілікті жас ақындар С. Тоғайбаевтың, Б. Ахмедеевтің, Қ. Әшімовтың, Қ. Қисиннің, Қ. Жұмабаевтың өлеңдерінен де кездестіруге болады.

Тағы да еске ала кететін бір мәселе, бірқатар өлеңдердің авторлары көбіне өз шығармаларын ұран, шақыру түрінде құрады. Әрине, өлеңді қай мазмұнда құру автордың өз еркі. Бірақ құрғақ даурығудың өзі мазмұнсыз болса, әсерсіз де болады. Бұл ретте көптеңгі автор Игібай Әлібаевтың өлеңдері туралы айта кету керек. Мәселен, ол өзінің көп өлеңдерінде ұранды сөздерді өте жиі қолданады. Бірақ бұл жағдайда автор үнемі сәтсіздікке ұшырап жүр. Өйткені ол еңалдымен өлеңнің әсерлігін арттыратын қасиет ұранды сөздер емес, оның мазмұны мен көркемдігі екендігін ескермейді. Мәселен, оның «Достарым» атты өлеңіндегі мына бір шумақты алайық:

Ал, қыймылда достарым!
Отан үшін жан қыйып,
Орындаймыз жоспарын,
Миллиард тонна дән жыйып.

Осы шумақтың мазмұнын еңалдымен оқушы түсіне алмайды. Екіншіден, жоспарды орындау үшін жан қыюға шақырудың мазмұнсыз екендігі өзінен өзі түсінікті. Әрине Отанды сүюге шақыру керек, бірақ адам үшін бір ғана рет берілетін өмірді ойыншық ете беруге болмайды. Онан да автор қажырлы еңбек етуге, сол жолда күш-жігерді аямауға шақырса, әлдеқайда ұтқан болар еді.

Редакцияға түскен өлеңдердің авторлары өздерінің көпшілік өлеңдерінде сүйікті Отанымыздың көркін, баянды бейбітшілікті жырлайды. Бірақ мұндай тақырыпқа жазылған өлеңдердің бәрі де идея жағынан ұстамды болғанымен ондағы өлеңдік көркемдік, үйқас, тұр мен мазмұнның бірлігі ескерілмейді. Мұндай өлеңдер расында да кейбір нашар өлеңдер жайында айтылып жүрген «газеттерде жарияланатын қысқа ақпар» деген сөзді еріксіз еске түсіреді. Мәселен, Қ. Бегенов пен Б. Байтеміров «Алтын ұям» атты өлеңдерінде:

Соғыста атом күшін қолдануға,
Шығамыз қарсы болып біз жауларға.
Бізде де атом күші бар, бірақ та
Күресеміз қырғын соғыс болдырмауға,

—деп жазады. Авторлардың бұл өлеңінде ешқандай көркемдік жоқ. Мұндай нашар шыққан өлеңдердің көпшілігіне ортақ кемшілік тағы да көркемдіктің әлсіздігі болып саналады. Бұл өлеңдер оқушылардың өлеңге деген талабын қанағаттандырмайды. Себебі бұл өлеңдерде адам сезіміне әсер ететін жақсы ұғым, әдемі сурет жоқ. Бұл кемшілік Қ. Өмірсейітов, А. Жанболатов, Б. Жүсіпбеков, Ә. Кенжетаев жолдастардың да өлеңдерінде орын алған.

Кейбір авторлар өздерінің өлеңдеріне ұқыпсыз қарайды. Соның салдарынан олардың өлеңдерінің кейбір шумағы жақсы үйқасып тұрғанымен сол шумақтағы оның айтайын деген ойын білу өте қыйын. Сөзіміз дәлелді болу үшін көптен бері өлең жазумен шұғылданып жүрген автор Р. Уәлиевтің «Жүгері» атты өлеңінің төмендегі шумағын алып қарайық.

Құрағы желмен шайқалып,
Толғандай шуға көл іші,
Шашағы өскен жайқалып,
Бұл— жүгері егісі.

Мұнда ақын көлді жырлап отыр ма; немесе жүгеріні айтып отыр ма? Егер ақын өзі «бұл жүгері егісі» демесе бұл шумақтың не туралы жазылғанын білу қыйын болар еді. Мұндай өлеңдер оқушының сезімін тебіренте алар ма!

Кейбір жас авторлар өлең жазуға талпынғанымен өзінің жазбақ болған тақырыбын терең зерттеп тексермейді. Әйтеуір сөздері үйқасып шыққа өлең жаздық деп ойлайды. Мұндай жағдай олардың қателесуіне, тіпті өрескел қателіктер жіберулеріне себеп болады. Мәселен, А. Қазиев өзінің бейбітшілік жөнінде жазған «Бір -ақ сөз бар олар үшін» деген өлеңінде:

Ұмытса олар екі соғыс,
Орнатқаның социализм.
Енді тапшас жерден қоныс,
Орнар бейбіт коммунизм, —деп жазды. Мұнда автор баянды бейбітшілік үшін жүргізіліп жатқан бүкіл әлемдік күрестің сырын ескермеген. Соның салдарынан автор өзінің өлеңінде қателікке ұрынған.

Шынайылық пен көркемдік — поэзия үшін аса қажетті қасиеттер. Бірақ бұл жағдайда өмір шындығынан, сол шындық туралы халық түсінігінен шет шығып кетуге болмайды. Сондықтан да жаңа жаза бастаған жас қаламдар мұны әрқашан мұқият ескеруі керек.

Іздену— табыс кілті. Ерінбей еңбектенген, талмай ізденген жас қаламның табысқа жететіндігі сөзсіз. Редакцияға түскен өлеңдер кейбір авторлардың бұл аса маңызды шартқа көңіл аудармайтындығын аңғартады. Ал шындығында әдебиеттің жауынгер саласы— поэзия әрқашан ізденудің, еңбектенудің жемісі болып табылатындығын ешқашан да естен шығаруға болмайды.

ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ

Вьетнам Демократиялық Республикасында.
СУРЕТТЕ: Мемлекетке астық тапсыру.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

Қытайда шетел әдебиеттерін басып шығару

ПЕКИН, 30 август (ТАСС) «Женьминьжибао» газетінің хабарлауына қарағанда, 1949 жылдың октябрінен бастап 1955 жылдың май айына дейін ҚХР-да дүние жүзіндегі 30-дан астам елдер жазушыларының он мыңнан астам аттары әртүрлі кітаптары басылып шықты. Мұның 80 проценттен гөрі артығырағы совет авторларының шығармалары.

Қытай тіліне аударылатын совет кітаптарының сыбағалы салмағының барған сайын өсе түсуі, деп атап көрсетеді газет, қытай халқының совет халқының озат социалистік мәдениетін үйренуге ұмтылып отырғандығының айқын айғағы болып табылады.

Қытай тіліне аударылатын шетел әдебиетінде Маркстің—Энгельстің —Лениннің —Сталиннің еңбектері үлкен орын алады. Халықтық өкмет жылдарында марксизм -ленинизм классиктерінің 209 шығармасы көп мыңдаған тиражда басылып шықты. Сонымен бірге, Совет Одағы мен халықтық -демократиялық елдердегі социалистік құрылыстың тәжрибесі жөнінде жазылған қоғамдық-саяси әдебиеттің 1900 түрлі кітаптары басылып шықты.

Ғылым мен техниканың әртүрлі мәселелері жөнінде көптеген кітаптар (3400 түрлі) және сонымен бірге көркем әдебиет шығармалары жөнінде де көптеген кітаптар (3 мың түрлі) аударылуда және басылып шығуда.

Корей-совет достығының айлығы туралы корей баспасөзінің пікірі

ПХЕНЬЯН, 1 сентябрь (ТАСС). Корей газеттері елді азат етудің онжылдығымен байланысты өткізілген корей-совет достығы айлығын қорытындылауда. «Минчжу Чосон» газеті «Корей және Совет Одағы халықтарының арасындағы достық пен ынтымақ мәңгі өмір сүрсін» деген заголовокпен басмақала жариялады.

«Нодон Синмун» газеті белгілі жазушы, ССРО мен мәдени байланыстың корейлік қоғамы орталық басқармасының председателі Ли Ги Еннің мақаласын жариялады, ол онда корей-совет достығының айлығы Корея және ССРО халықтарының арасындағы достық пен ынтымақты бұдан былай да нығайту және өркендету ісінде маңызды дәуір болды деп жазады.

КХДР-дің өндіріс озаттары, ғалымдар мен артистер газет беттерінде мақалалар жариялап, Корея еңбекшілерінің советтік техника мен мәдениеттің жетістіктерін қалай меңгеріп жатқандықтары туралы айтады.

БОЛГАРИЯДА ІРІ СУ ТОРАБЫН ЖҰМЫСҚА ҚОСУ ҚАРСАҢЫНДА

СОФИЯ, 30 август (ТАСС).

ВЕНГРИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР АКАДЕМИЯСЫ

БУДАПЕШТ, 31 август (ТАСС). Диошьерлегі Ленин атындағы ме-

БҰҰ-ның ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫНЫҢ КӨМЕКШІ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖЛІСІ

НЬЮ- ЙОРК, 1 сентябрь (ТАСС). Кеше БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының Көмекші комитетінің мәжлісі болып өтті. АҚШ өкілі Стассен председательдік етті. Көмекші комитеттің мәжлісі аяқталғаннан кейін Стассен баспасөз өкілдеріне былай деп мәлімдеді: президент Эйзенхауэрдің Көмекші комитеттің қарауына енгізген ұсынысы, сірә шын мәнісінде келесі аптада талқыланбақшы. Стассен мұнымен бірге былай деп мәлімдеді: оның пікірінше, Көмекші комитет «түбірлі күш- жігерлер» жұмсауда. Қарусыздандырудың пәрменді программасының қайсысына болса да, деп атап көрсетті ол, «жер бетіндік инспекцияның ұсынуға тиіс екенін» үкметтердің бәрі де мақұлдап отыр».

Көмекші комитеттің келесі мәжлісі 1 сентябрьде өткізіледі.

СОВЕТ ОДАҒЫНА АРНАЛҒАН РЕФРИЖЕРАТОРДЫҢ СУҒА ТҮСІРІЛУІ

СТОКГОЛЬМ, 2 сентябрь (ТАСС). Кеше Оскарсхамндағы кеме жасау верфінде Совет Одағына арналып жасалған су сыйымдылығы 2 мың тонналық рефрижератор суға түсірілді. Бұл Совет Одағының заказы бойынша осында жасалатын 5 рефрижератордың есеп бойынша екіншісі болып табылады.

АҚШ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ВАШИНГТОН, 31 август (ТАСС). Мемлекеттік департамент бүгін баспасөз өкілдеріне былай деп мәлімдеді: Францияның, Англияның және Құрама Штаттардың сыртқы істер министрлері «ортақ мүдделі болып отырған мәселелерді, соның ішінде төрт держава сыртқы істер министрлігінің алда болатын Женева кеңесі туралы мәселені де» талқылау үшін 27 және 28 сентябрьде Нью-Йоркте кездеседі. Мәлімдемеде былай делінген: бұл кездесу «Франция, Великобритания және Құрама Штаттар үкметтерінің және олардың Солтүстік-атлантика одағы бойынша серіктерінің арасында қазірдің өзінде-ақ басталған әзірлік консультацияларының бір бөлегі» болып табылады. Мәлімдемеде былай делінген: 28 сентябрьде үш держава кездесулерінің қатысушыларына Герман Федералдық Республикасының сыртқы істер министрі де қосылады.

АҚШ-ТЫҢ АВТОМОБИЛЬ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ЕРЕУІЛДЕР

НЬЮ-ЙОРК, 2 сентябрь (ТАСС). Юнайтед-Пресс агенттігінің хабарлауына қарағанда, «Крайслер» компаниасы мен автомобиль өнеркәсібі жұмысшыларының біріккен кәсіподағының өкілдері арасында келісімге қол жетуімен байланысты, осы компанианың 61 заводында жұмыс істейтін 139 мың жұмысшының ереуілі тоқ-

ССРО мен ЮФХР арасындағы экономикалық қатынастар туралы документтерге қол қойылды

1 сентябрьде Кремльдің Үлкен Сарайында экономикалық мәселелер жөніндегі документтерге қол қойылды. Бұл мәселелер жөнінде августың 23-нен сентябрдің 1-не дейін Югославия Федеративтік Халық Республикасы үкметінің ЮФХР Одақтық Атқару вечесі председателінің орынбасары Светозар Вукманович -Темпо бастаған экономикалық делегациясы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағының ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасары А. И. Микоян бастаған экономикалық делегациясы арасында Москвада келіссөздер жүргізілген болатын.

Документтерге Югославия жағынан Светозар Вукманович- Темпо, Совет жағынан А. И. Микоян қол қойды.

Документтерге қол қойылған кезде Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, М. А. Суслов, Химия өнеркәсіп министрі С. М. Тихомиров, Түсті металлургия министрі П. Ф. Ломако, экономикалық байланыстар күштері жөніндегі Бас Басқарманың бастығы К. И. Коваль, Сыртқы істер министрінің орынбасарлары В. В. Кузнецов пен В. А. Зорин, Сыртқы сауда министрінің орынбасарлары С. А. Борисов пен П. Н. Кумыкин, ССРО Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары Г. П. Косяченко, ССРО Мемлекеттік экономикалық комиссиясы председателінің орынбасары П. В. Никитин, ССРО-ның ЮФХР- дағы сауда өкілі Я. И. Красюк, Сыртқы істер министрлігінің және Сыртқы сауда министрлігінің жауапты қызметкерлері болды.

Документтерге қол қою кезінде Югославия жағынан сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік секретарьдың орынбасары Хасан Бркич, сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік секретариаттың мемлекеттік кеңесшісі Ненад Попович, сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік секретариаттың кеңесшісі Владимир Сайчич, экономикалық жоспарлау мәселелері жөніндегі одақтық басқарманың кеңесшісі Эрвин Шаламон, Одақтық Атқару вечесі жанындағы сыртқы сауда жөніндегі мемлекеттік секретариаттың кеңесшісі Владимир Радоевич, сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік секретариаттың секретары Младен Божич сондай-ақ ЮФХР- дің ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Добривое Видич және елшіліктің қызметкерлері болды. (ТАСС).

Парламентаралық одақтың 44-ші конференциясының қарарлары

ХЕЛЬСИНКИ, 1 сентябрь (ТАСС). Парламентаралық одақтың мұнда аяқталған 44-ші конференциясы халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету, қоғамдық системалары әртүрлі елдер арасындағы ынтымақты жолға қою және сенім орнату үшін зор маңызы бар талқыланған мәселелер жөнінде бірқатар қарарлар қабылдады.

Қатар өмір сүрудің заңдық және моральдық принциптері туралы мәселе жөніндегі қарарда былай деп атап көрсетілген: барлық ұлттар арасында бейбіт қатар өмір сүру барлық халықтардың армандарына сай келеді, мұның өзі барлық мемлекеттерден халықаралық праволар нормаларын орындауды және, әсресе, территориялық тұтастықты өзара құрметтеуді, шабуыл жасамауды, ішкі істерге араласудан, империалистік жоспарлардан және нәсілшілдік кемсітушіліктен бастартуды көздейтін принциптерді орындауды талап еткен болар еді. Мемлекеттер даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге шақырылады.

Халықаралық хауіпсіздік пен қарусыздандыру жайын алатын болсақ, бұл мәселе жөнінде қабылданған қарар бүкіл дүние жүзінің парламенттерін өз үкметтеріне ықпал етуге, сөйтіп олардың барлық елдер үшін коллективтік хауіпсіздік системасын жасау бағытында жұмыс істеуіне шақырылады. Қарусыздандыру туралы француз-ағылшын ұсыныстары сондай-ақ атом қуатын бейбіт жолмен пайдалану мақсатында халықаралық ынтымақты дамыту қажеттігі туралы келісімге жеткен БҰҰ Бас Ассамблеясы жұмысының негізіне алынғанын атап көрсетіп, конференция атом, сутегі және дағдылы қару-жарақтарға бақылау орнатуға, жаппай қырып-жоятын қару-жараққа тыйым салуға және қарулы күштерді теңбе-тең қысқартуға шақырды. Конференция қарусыздандыру туралы келісім жасау үшін барлық шараларды қолдануды талап етеді.

Экономикалық ынтымақ туралы қарарда былай деп атап көрсетілген: бұл ынтымақтың дамуы қатар бейбіт өмір сүрудің маңызды шарттарының бірі. Парламентаралық одақ барлық парламенттерді таяу уақытта бүкіл дүние жүзінің конференциясын ұйымдастыруға шақырады, бұл конференция, атап айтқанда, экономикалық сыйпаттары шек қоюшылықтардан бас тарту туралы және сауда келісімдерінің санын арттыру туралы келісуге көмектесер еді.

Мәдени айырбас туралы мәселе жөнінде конференция парламенттерді Юнеско ғылми және мәдени сыйпаттары бар мәліметтер айырбастау жөнінде, адамдардың еркін жүріс-тұрысы жөнінде ұсынған конвенциясы мен ұсынысын мақұлдауға шақырған қарар қабылдады.

Парламентаралық одақты нығайту проблемасына жеке қарар арналған, онда ССРО Жоғарғы Советінің Декларациясындағы парламенттер арасында тікелей байланыстар орнату туралы ұсыныс қанағаттанғандықпен атап көрсетіледі. Конференция барлық парламенттердің назарын өздерінің беделін арттыру қажеттігіне аударады және оларды бейбітшілікті нығайтуға, ал барлық ұлттарды парламенттік институттарды дамытуға тағы да шақырды.

Басқа қарарлардың жұмысшы күшін бөлу және жұмыссыздықпен күресу жөніндегі саясатқа, парламенттер председательдерінің полномочиелеріне және әртүрлі елдердің оқу орындарынан алған дипломдардың тең бағалылығына қатысы бар. Конференция, атап айтқанда, орны ауысқан адамдар проблемасының әлі де шешілмегеніне өкініш білдірді.

Совет ауылшаруашылық делегациясының Канадада болуы

ВИННИПЕГ, 1 сентябрь **(ТАСС-тың арнаулы тілшісі).** Саскачеван провинциясындағы соңғы күнді совет ауылшаруашылық делегациясы Свифт Каррент қаласының ауданында өткізді. Делегаттардың бір тобы мұндағы тәжрибе станциясына, екінші тобы кооперативтік ...ны аралап көрді және зерттеу жұмысының жолға қойылуымен толық танысты. Мұнымен бірге бидайдың әртүрлі сорттары сыналатын даланы аралап көрді. Делегаттар егіншілік бөлімінің басшысы доктор Янзенмен әңгімелесті, ол делегаттарға станция ...

...дық сатып алды. Олар қазір де бірлесіп, жұмыс істеуде. Бұл фермадағы негізгі дақыл бидай. Мал өте аз. Фермада 4 шынжыр табанды, доңғалақты үш трактор, 3 виндроуэр, штангалы 4 культиватор, 4 жүк машинасы және басқа қара-

Георгий Димитров атындағы су электр станциясын пайдалануға берудің ақырғы әзірліктері аяқталып келеді.

Кәзір қуатты плотинамен бөгелген Тунджаның суы 100 миллиондаған текшеметр су сыятын үлкен көлге айналды. Су қоймасы 170 мың декар жерді суаратын болады.

...ларының тілегі бойынша өнеркәсіп академиясы ашылады, онда жұмысшылар өздерінің мамандық білімдерін арттыратын болады. Жергілікті радионың хабарында Мишкольцкдегі Матиас Ракоши атындағы политехникалық институттың профессорлары, комбинаттың инженерлері және шақырылған мамандар лекция оқыйды деп көрсетілген.

КХДР-де В. И. Ленин Шығармаларының 6-томы баспадан шықты

ПХЕНЬЯН, 1 сентябрь (ТАСС). Корей баспасөзінің хабарына қарағанда, Корей еңбекші партиясының баспасы В. И. Ленин Шығармаларының 6- томын корей тілінде басып шығарды.

НЬЮ-ЙОРК, 2 сентябрь (ТАСС). Юнайтед-Пресс агенттігінің хабарлауы бойынша, 2 сентябрьге қараған түні Мичиган және Висконсин штаттарындағы «Америкэн нотopc» компаниасы автомобиль заводтарының 24 мың жұмысшысы ереуіл бастады. Ереуіл компания мен автомобиль өнеркәсібі жұмысшыларының біріккен кәсіподағы өкілдерінің арасындағы келіссөздер сәтсіз аяқталғаннан кейін басталды.

Саут-Бендегі (Индиана штаты) «Студебеккер» компаниасының заводтарында 9 мың жұмысшы ереуіл бастады. Ереуіл кәзіргі коллективтік договорды баяулатуға жұмысшылардың келісуден бас тартулары салдарынан туды.

...барды.

Тәжрибе станциясында совет делегациясын станцияның директоры доктор Грант-Денике бастаған станцияның ғылми қызметкерлері қарсы алды. Грант-Денике Свифт Каррент станциясы Канададағы ең ірі ғылми ауылшаруашылық мекемелерінің бірі деді. Станцияда егіншілік, мал шаруашылық, ауыл шаруашылығын механикаландыру, астық және дәнді дақылдар, құс өсіру, жайылым және огород дақылдарының бөлімдері бар. Онда 40 ғылми қызметкер жұмыс істейді. Тәжрибе даласының аймағы —5 мың акр.

Станция қызметкерлері совет делегациясының мүшелеріне құрғақшылық және қатал қыс, желді жаз жағдайларында топырақты өңдеу методикасын белгілеу жөніндегі зерттеулер туралы айтты. Делегация бұл жұмыстар жүргізілетін даланған топырақты өңдеу системасы жөніндегі кейбір байқауларын баяндады.

Бұл топ түстен кейінгі уақытын малшаруашылық бөлімінде өткізді. Доктор Михр делегаттарды тәжрибе фермасында жергілікті қатал қысқа төзімді биязы жүнді қойларды өсіру жөніндегі өзінің жұмыстарымен таныстырды.

Совет делегациясы мүшелерінің басқа тобы Свифт Каррент қаласынан 90 километр жердегі кооперативтік «Матадор» фермасына барды. Бұл ферманы дүниежүзілік екінші соғысқа катысқан 17 адам 1946 жылы ұйымдастырған. Ауыл шаруашылығымен жеке шұғылдану үшін олардың әрқайсысын жеке алғанда қаржылары жоқ болды. Олар барын ортаға салып және несие алып, үкметтен 10 мың акр жер жалдады және қажетті жабдықтарды... орта есеппен 75 мың бушель бидай сатады. Егіс өнімінің 7/1 бөлегін фермерлер жалдаған жер ақысының есебіне үкметке тапсырады. Өткізу қыйын болғандықтан өткен жылы шаруашылықта 35 мың бушель бидай сатылмай қалған.

Совет делегациясының екі тобы да Свифт Каррент аэродромында қосылды.

Ұшар алында В. Мацкевич Саскачеваның тұрғындарына, Свифт Каррент тәжрибе станциясының ғылми қызметкерлеріне және делегацияның Саскачеванды аралауын ұйымдастырған ресми өкілдерге жылы шырайлы қабылдағандары үшін алғыс айтты.

Делегация кешке Виннипегке келді.

Делегация жоспар бойынша ертең Онтарио провинциясына ұшып кетпекші болып отыр.

Социалистік меншіктің талан-таражға салынуына, ұрлануына жол берілмесін

Коммунистік партия мен үкметтің еңбекшілер арасында тәрбие жұмыстарын күнбе- күн жоғары дәрежеде жүргізіп отыруы нәтижесінде адам санасындағы капитализм қалдықтарының қоғам мүлкін ұрлау және талан- таражға салу сыяқты түрі бізде жылдан жылға азайып келеді. Алайда қоғам мүлкіне арам қолын сұғушылар біздің арамызда біржолата жойылды деуге болмайды. Кейде социалистік меншікті сақтау міндеті сеніп тапсырылған кейбір басшы адамдардың бақылау жасап отырмауын пайдаланып, арамниеттілер социалистік меншікке арам қолын сұғады.

Кәзір облысымызда егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл кезде, әсресе бастырылған астықтың талан- таражға түсірілмеуіне, жаңа техниканың —комбайндардың, тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарының ұқыпты сақталуына ерекше назар аударылуы қажет. Дегенмен кейбір колхоздар мен совхоздарда бұл мәселеге жеткілікті мән берілмей отыр.

Кейбір колхоздарда комбайндардан қырмандарға астықты тасымалдағанда және дайындау орындары мен қоймаларға жөнелткенде астық өлшелінбейді, мұның өзі астықтың ұрлануына әкеліп соғуда. Мәселен, Полудин ауданындағы «Парижская коммуна» колхозында дәл осындай жағдай кездесіп отыр. Колхозда бастырылған астыққа бақылаудың жоқтығын пайдаланып, астық тасушы И. Битербаев дейтін комбайннан қырманға астық тасымалдаған кезде 450 килограмм астық ұрлаған. Битербаев қолға түсіріліп, бас жауапкершілігіне тартылды.

Совет ауданы, Аманкелді атындағы колхоз басқармасының тарапынан бақылаудың жоқтығымен пайдаланып, Х. Харбиев дейтін комбайншы жаңа егіннің өнімінен 20 пұт астық ұрлап сатқан. Қоғам дәулетіне арам қолын сұққан Харбиев бас жауапкершілігіне тартылады.

Осы жылғы июль айы ішінде милиция және прокуратура органдары Дзержинский атындағы астық совхозында бір топ астық ұрлаушыларды әшкереледі. Олардың ішінде осы совхоздың астық қоймасының меңгерушісі А. Гришкевич, I-бөлімшенің басқарушысы К. Нұрсеитов және басқалары —барлығы 9 адам бар.

Мынадай бір фактіні мысалға алуға болады. Петропавл элеваторы товар қоймасының территориясында екі комбайн тұр. Оларға ешқандай күзет қойылмаған. Күзеттің жоқтығынан комбайндар бөлшектерін кім көрінген алып кеткен.

Тексеріс жүргізгенде осы жылғы май айында облыстық «Совхозснабтың» адресіне Докучаев атындағы совхозға беру үшін Петропавл станциясына өздігінен жүретін 4 «Сталинец—4» комбайны келіп түскендігі анықталды. Бұдан 2 комбайн ғана аталған совхозға жөнелтіліп, екі комбайн товар қоймасының территориясында ешбір күзетсіз қалдырылған. Ал, Петропавл элеваторының шоферы Дрожжин күзеттің жоқтығымен пайдаланып, комбайндардың бөлшектерін біртіндеп ұрлап әкете берген. Сөйтіп, комбайндардан 2 генераторды, 2 стартерді, 2 корбюраторды, 2 бензин насосын және басқа да бөлшектерін ұрлап әкеткен. Ұрлап алған бөлшектердің біразын Дрожжин элеватор таражында сақтаған, ал қалған бөлшектерді өзіне бекітіліп берілген машинаға орнатқан.

Комбайн бөлшектерінің барлығы совхозға қайтарылып берілді. Ал, бұл қылмысы үшін Дрожжин тұтқынға алынды және ол ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1947 жылғы 4 июньдегі Указы бойынша бас жауапкершілігіне тартылатын болады.

Социалистік меншікті ұрлағандық туралы осы сыяқты фактілер жекелеген колхоздар мен совхоздардың және кәсіпорындары басшыларының, сол сыяқты қоғам жұртшылығының социалистік меншікті қырағылықпен күзету жолындағы күрестен кейде тыс қалып қоятындығын көрсетеді.

Астықты және техниканы ұрлаушыларды әшкерелеу, оларды жауапқа тарту жөнінде соңғы кезде милиция және прокуратура органдары тарапынан бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Милиция және прокуратура органдары жергілікті жерлерде басшы қызметкерлер тарапынан қоғам дәулетіне арам қолын сұғушылардың қылмысты әрекеттерін жүзеге асыруларына тікелей мүмкіндік беру сыяқты фактілерді үнемі әшкерелеп отырулары керек.

Социалистік меншікті сақтау ісіне тәртіп орнатуда комсомол, кәсіподақ және қоғам ұйымдары зор роль атқарады. Астық пен жаңадан келген ауылшаруашылық техникасын ұрланудан қырағылықпен сақтауға, халық дәулетіне арам қолын сұғушыларға қарсы батыл күрес жүргізуге барлық күш- мүмкіншілік толық жұмылдырылатын болсын.

Д. ТОҚПАНОВ.

Облыстық милиция басқармасының бастығы.

Нерудің Индия ұлттық конгресі басшы қайраткерлерінің кеңесінде сөз сөйлеуі

ДЕЛИ, 1 сентябрь (ТАСС). Бүгін мұнда Индия ұлттық конгресі партиясы комитеттерінің әртүрлі штаттардан келген председательдері мен секретарьларының кеңесі ашылды.

Кеңесте Премьер-Министр Неру Индияның сыртқы және ішкі саясатына арнап сөз сөйлеп, баспасөздің хабарлаулары бойынша, Индияның бейбітшілік саясатын жүргізіп отырғандығын және конфликтілерді соғыс жолымен емес, келіссөздер жүргізу жолымен шешуді жақтап отырғандығын атап көрсеткен.

«Ұлы державалардың бұл принципті барған сайын дұрыс түсініп, онымен келісетіндіктеріне, —деген Неру, —мен қуаныштымын. Бейбіт келіссөздер жүргізу әдісі халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге атсалысты».

Индия үкметі мен Индияның ұлттық конгресі партиясы Гоа жайындағы сыяқты, Индиядағы португальдықтар иелігіндегі басқа да жерлер жайында конфликтілерді бейбіт жолмен шешу саясатын бұдан былай да жүргізе береді, деді Неру. Оның сөзіне қарағанда, басқа жолдардың қандайы болса да, Индия жақтап отырған негізгі принциптерге қайшы келер еді. Ол сонымен бірге дүние жүзінде орнаған бейбітшілік рухына қайшы келген болар еді.

Индира Гандидің мәлімдемесі

ДЕЛИ, 1 сентябрь (ТАСС). «Индиан экспресс» газетінің хабарлауына қарағанда, 31 августа Дели қаласының балалар әл-ауқат Советі ұйымдастырған митингте сөз сөйлеп, Индия премьер-министрінің қызы Индира Ганди Совет Одағы мен Шығыс Европаның басқа елдерінің үкметтері тарапынан балалар жөнінде жасалып отырған қамқорлықты жоғары бағалады.

Ол бұл елдердегі пионерлер сарайларының тамаша жұмыстарын ерекше атап өтті және Индияда ұйымдастырылып отырған балалар үйлерінің пионерлер сарайларының принциптері бойынша жұмыс істеуін ұсынды.

Аргентинадағы жағдай

НЬЮ-ЙОРК, 1 сентябрь (ТАСС). Баспасөз бен информациялық агенттіктер тілшілерінің Буэнос-Айрестен берген хабарларынан көрініп отырғанындай, президент Перонды жақтап және оның орнынан түсуіне қарсы Жалпы еңбек конфедерациясы жариялаған жалпыұлттық ереуіл бүкіл елді қамтыды. 31 августа бүкіл күні бойы елдің барлық аудандарынан да конфедерацияның кәсіподақ ұйымдарының өкілдері Аргентина астанасына қарай ағылумен болды.

Кеше Пласа де Майо алаңында жыйналған көп мыңдаған адамдардың алдында президент Перон сөз сөйледі.

Перон өзінің орнынан түсетіндігі туралы ұсынысын қайтып алатындығы туралы мәлімдеді.

САЛАХ САЛЕМНІҢ ОРНЫНАН ТҮСУІ ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 30 август (ТАСС). Рейтер агенттігі тілшісінің хабарлауы бойынша, Каирда Суданның ұлттық басшылық министрі және Судан істері жөніндегі министр Салах Салемнің «белгісіз уақытқа демалысқа» шыққандығы жөнінде ресми хабар жарияланған. Хабарда «демалысқа шығудың» ешқандай себептері келтірілмейді, алайда саяси бақылаушылар Салемнің орнынан түсуі Судан мәселесінде, Салем саясатының іске аспауының салдары болып табылады деп есептеуде.

Бұрын хабар етілгеніндей, Салемнің атқаратын қызметін премьер-министр Насер өзіне алған, оған ұлттық басшылық министрлігі информация қызметінің бас директоры Хатем көмектесетін болады.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Кинолларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«НЕСТЕРКА»

Сеанстар сағат 5 және 6-50-де басталады.

Петропавл қаласы, Комсомол көшесі, 27-үйде тұрушы Прасковья Федоровна Гнедых Петропавл қаласы, Ипподром көшесі, 2-үйде тұрушы Валерий Андриевич Гнедыхтен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәденнет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01713. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.**